

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ДЕНГЕЙІН АРТТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ



Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді. Көшелердегі қауіпсіздік деңгейінің артқаны атап өтілді.

Президентке құқықбұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәметке толмағандардың құқығын қорғау және интернет алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион

қоңырау бұғатталып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасы жойылған.

Сонымен қатар Президентке қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

АДАЛ БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ МАҢЫЗДЫ



Президент Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі және алдағы уақытқа арналған жоспары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жыл басынан бері мемлекетке жалпы сомасы 217 миллиард тенге болатын активтер қайтарылғаны, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың деңгейі 18,7 пайызға дейін төмендегені жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Жанат Әлиманов құқық қорғау органдарына 229 талдау материалы жолданғанын, есірткі сатушылардың қаржылық операцияларын бұ-

ғақтау тәжірибесі жолға қойылғанын айтты. Бұл жұмыс азаматтарды, әсіресе жастарды, есірткіні онлайн сатып алудан сақтайды.

Оның айтуынша, есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді жылыстату үшін пайдаланылған 924 банктік шот бұғатталған. Криптоактивтерді пайдалана отырып жасалатын экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлімше құрылған. Крипто-әмияндарға тыйым салу және цифрлық валютаны алып қою тегігі әзірленген. Заңсыз криптоалмастырғыштың қызметі жойылған. Ондағы қаржы айналымы 17 миллиард тенгеден асқан.

Президентке Қазақстанда алғаш рет криптовалюта арқылы қылмыстық жолмен тапқан 47 миллион тенге табыс тәркіленіп,

агенттіктің Binance криптобиржасындағы арнайы шотына салынғаны жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуды көздеген 976 әрекет анықталып, бұғатталған. Экономикалық құқықбұзушылықтардың кейбір белгілері бойынша қылмыстық қудалауды жеңілдету (декриминализация) туралы ұсыныстар енгізілген. Бұл кәсіпкерлерді қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы адал бизнесті қорғау, қаржы және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет екенін ерекше атап өтті.

МЕТАДОН ТЕРАПИЯСЫ: КҮДІК БҰЛТЫ ҚАЛЫҢ

Келесі жылдан бастап еліміз есірткіні бюджет есебінен сатып алуға кіріседі. Бұл тіпті де өзін емес. Әңгіме метадон терапиясы бағдарламасын мемлекеттің жүзеге асыра бастайтынына қатысты болып отыр. Бұрын оны батыстық халықаралық ұйымдар қаржыландыратын. Бұл жаңалық сарапшыларды, қоғамдық мәселелерге селқос қарамайтын жұртшылықты дүр сілкіндірді. Белсенділер бұған қарсы петиция жариялады.



ҚАРСЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

«Қазақстанға бір есірткіні екіншісімен заңды түрде алмастыратын мемлекеттік бағдарлама керек пе?» деген тақырыптағы таластар қайта басталды. Құқық қорғаушы, практик зангер, «Қорғау HR» басшысы Әлия Абдинова онлайн петиция жариялап, «елдің ұлттық қауіпсіздігі мен халықтың денсаулығына қатер төндіретін метадон есірткісін заңдастыру жобасына қарсы қол жинауда.

Бүгінде оған 7 мыңнан астам адам қол қойған. Оның ішінде 6,4 мыңдайы петицияны жақтады. Тағы 635 адам петицияға қарсылығын білдірген.

4 >>

ӨЗЕН КЕМЕ ҚАТЫНАСЫН ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҮР

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің географиялық орналасуын өз артықшылығымызға айналдыруымыз керек екенін атап өтті. Жақында «AMANAT» партиясының депутаттары Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға Ертіс бойындағы өзен кеме қатынасын қайта қалпына келтіру туралы сауал жолдады.

4 >>



50 МЫҢ АДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

Өткен жұма күні Алматы облысы Чапаев ауылында «AMANAT» партиясы халықтың қаржылық сауатын арттыру мақсатында Налук Банк-пен бірге жүзеге асырып келе жатқан «Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушыларымен кездесу өтті.



3 БЕТ

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: СПОРТТЫҢ ШЫНАЙЫ БАҒАСЫ

Күні кеше төрткүл әлем түгелімен көз тіккен Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарының жабылу салтанаты өтті. Осылайша, қанша уақыт сарыла күтіп, спортшымыздың бағы мен бабын анықтайтын бір белес те артта қалды.



8 БЕТ

ҚОНАЕВҚА КӨШУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ?

Қонаев қаласынан академиялық қалашық құру мақсатында келер жылы Алматыдағы жоғары оқу орындарын көшіру басталатыны белгілі болды. Ал бұл тізімде қандай университеттердің бар екені туралы әлі нақты ақпарат шыққан жоқ. Бірақ жұрт әлеуметтік желіде «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ де Қонаевқа көшеді екен» деп шулап жатыр. Бұл ақпарат қаншалықты рас? Ірі университеттерді Алматыдан Қонаевқа көшіру тиімді ме?



«ҚОНАЕВ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ» АШЫЛАДЫ
Естеріңізде болса, бытыр Қонаев қаласы жана мәртебе алды. Кейін Алматы облысы әкімінің аппараты Талдықорғаннан толығымен көшті. Қазір бұл облыстық маңызы бар қала. Осыған байланысты болашақта

Қонаев ұлғаяды. Қаланы дамытудың жана Бас жоспары да жасалыпты. Бұрынғы Бас жоспар бойынша Қонаев аумағы 9 600 гектар жерді алып жатыр. Қаланың өзі бастапқыда 130 мың тұрғынға есептелген. Қазір статистика бойынша, қала тұрғындарының саны 40 мыңнан сәл ғана асады. Жана Бас жоспар бойынша Қо-

наевтың аумағы 19 мың гектарға, ал халық саны 200 мыңға дейін жетеді. Қаланы дамыту үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғары білім министрлігіне «Қонаев академиялық қалашығы» салу жөнінде арнайы тапсырма берген еді.

5 >>





«ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН – БАЛАЛАРҒА» ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 12 қазан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Палатаның алдағы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Бұл заң Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленді.

Құжат нормаларына сәйкес қаражат тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе баспана сатып алуға және білім алуға жұмсалады. Бұл ретте шетелде де білім алуға болатынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, мемлекеттік авиация, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды. Бұл заң осы салада қазір қолданылып жүрген заңнаманы жетілдіруге арналған.

Сондай-ақ отырыс кезінде Мәжіліс қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

ҮЙ САУДАСЫ БӘСЕҢСУДЕ



Ұлттық статистика бюросы тұрғын үй нарығындағы ахуал жөнінде мәлімет ұсынды.

Биылғы және былтырғы қыркүйек аралығындағы бағаны салыстырғанда, жаңа тұрғын үйлерді сату 5,7% қымбаттаса, пәтерлерді қайта сату 3,9% арзандаған, ал абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу 0,2% төмендеген.

Жаңа салынған үйлер едәуір қымбаттаған өңірлер Павлодар – 18,9%, Семей – 16% және Ақтау 11,7% қалалары болып отыр.

Қолданыстағы баспана бағасы ең көп көтерілген қалалар қатарында Семей – 25,3%, Қызылорда – 14,6%, Талдықорған – 9,7% бар.

Ал жалға берілетін баспана құны Қарағанды – 24,8%, Қонаев – 24,6%, Қызылорда қаласында 22,5%-ға қымбаттаған.

Жалпы, тұрғын үйді алып-сату бойынша биылғы қыркүйек айында 35 398 мәміле жасалған. Оның ішінде жеке үйлер – 8 815, көпөтерлі үйдегі баспана – 26 583. 2023 жылдың тамызымен салыстырғанда (38 810) үй нарығындағы мәмілелер саны 8,8% азайған.

Үй саудасы Астана (6 731 – 19%) және Алматы (6 436 – 18,2%) қалалары мен Қарағанды облысында (3 041 – 8,6%) көп болған. Баспана ең аз сатылған өңір – Ұлытау (319 – 0,9%).

Биылғы қыркүйекте баспананы сату-сатып алу келісімдері былтырғы қыркүйекпен салыстырғанда 2,3% азайған, ол кезде 36 241 мәміле ресімделген болатын. Азаудың ең жоғарғы көрсеткіші Түркістан облысында (26%) тіркелді. Ал Солтүстік Қазақстан облысында баспана саудасы керісінше, артқан (22,1%).

МАРҚҰМҒА СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАП ОТЫРҒАН



Көлік прокурорлары «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарында қаржыландыруға жатпайтын 742 адамға 10 млн теңгеден астам сомаға сыйақылар мен төлемдерді заңсыз есептеу фактілерін анықтаған.

Бұл туралы Бас прокуратураның ресми өкілі Дархан Дүйсембай мәлімдеді.

«Кәсіпорынның Ақмола филиалы өмірден жеті жыл бұрын өткен зейнеткер атына ақшалай қаражат аударып отырған. Бұдан бөлек, Қарағандыда кадр бөлімінің басшысы ата-анасын теміржолшы зейнеткері ретінде заңсыз тізімге қосып, оларға бес жыл бойы 1 млн теңгеден астам сомаға жеңілдіктер, өтемақы төлемдері мен сыйлықақылар беріп отырған», - делінген хабарламада.

Қазір заңсыз төлемдерді қайтару бойынша шаралар қабылданады.

Сонымен қатар аудиторлық тексерулер тағайындалып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

МӘМС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мәжілісте өткен Үкімет сағаты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі проблемалар мен оның даму болашағына арналды.

Үкімет сағатына дайындық барысында Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің депутаттары халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесіндегі проблемаларды жан-жақты зерттеді.

Мәжілісмендер Астана, Алматы қалалары мен Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстарының бірқатар медициналық ұйымында болды. Мемлекеттік және жекеменшік медициналық мекемелердің өкілдерімен кенес өткізіп, азаматтардың өтініштерін тындап қайтты. Талдау нәтижесі барлық өңір бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі бірқатар проблема мен денсаулық сақтау жүйесіндегі кемшіліктерді көрсетті.

– Бұл – ең алдымен, медициналық қызметтерді қаржыландырудағы теңгерімсіздік. Өкінішке қарай, МӘМС моделінің өзі туралы нақты түсінік мүлде жоқ. Бастапқыда белгіленген параметрлерден ауытқу, республикалық бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігі, халықтың аз қамтылуы сақтандырудың тұрғындар үшін тартымсыз болып қалуына әкеп соқты. Бүгінде осы жүйеден бас тарту туралы шағым көп. Медициналық көмектің сапасынан бұрын біз қазіргі уақытта оның қарапайым қолжетімділігіне зру болып қалдық. Науқастардың тар бейінді дәрігерлердің қабылдауын, ультрадыбыстық немесе компьютерлік томографияны бірнеше ай күтуі де жиілеп барады, – деді Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов.

Сондай-ақ ол медициналық ұйымдарды қаржыландыруда көптеген түйткіл барын, медициналық қызметтер тарифтері ауруханалар мен емханалардың нақты шығындарына сәйкес келмейтінін атап өтті.

Бұл ретте Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу арқылы денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 1 триллионнан 2,5 триллион теңгеге дейін ұлғайғанын мәлімдеді.

– Жалпы ішкі өнім көлеміндегі денсаулық сақтау саласына арналған шығыстардың үлесі 2019 жылғы 2,8 пайыздан 2022 жылы 3,7 пайызға дейін өсті. Мемлекет басшысы бұл көрсеткішті 2027 жылға қарай 5 пайызға ұлғайту мақсатын қойды. 1970 жылдары осындай көрсеткіштердің нәтижесінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерде өмір сүру ұзақтығы 70 жасты құрады. 2019 жылы жалпы ішкі өнімнің 10 пайызы кезінде

өмір сүру ұзақтығы 80 жасқа жетті. Көріп отырғанымыздай, денсаулық сақтау саласына шығыстарды ұлғайту және медициналық көмектің сапасы, қолжетімділігі, өмір сүру ұзақтығы арасында тікелей байланыс бар, – деді министр.

Сонымен қатар Ажар Ғиният былтыр Қазақстанда денсаулық сақтау саласына жұмсалған шығыстар жалпы ішкі өнімнің 3,7 пайызын құрағанда өмір сүру ұзақтығы 74 жыл болғанын айтты. Оның сөзіне қарағанда, 2019 жылдан бастап жүйе жұмыс істеген уақыт ішінде қазақстандықтардың орташа өмір жасы өсіп, өлім-жітім 6,1 пайызға азайған.

Осыған қарамастан медицина саласында дәрігерлердің жұмысын қиындатып, қызмет көрсету сапасына әсер ететін бірқатар мәселе бар. Мысалы, денсаулық сақтау саласының толық цифрланбауы. Асхат Аймағамбетов нысандарды аралау нәтижесінде медициналық ақпараттық жүйелердің өзара интеграцияланбағанын, ондағы мәліметтердің қайталанатынын, интернетке қосылу сапасының төмендігін атап өтті.

Жиында депутаттар МӘМС жүйесіне қатысты түйткілді мәселелерді айтып, ұсыныстарын ортаға салды.

Асхат Рахымжанов жеке емханаларды міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қосу арқылы бюрократиямен күресуді, Мұрат Әбенев жүйе аясында ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігін арттыруды, Ермұрат Бапи жекешелендірілген ұлттық ғылыми-зерттеу институттарын мемлекет меншігіне қайтаруды ұсынды.

Үкімет сағатын қорытындылаған палата төрағасының орынбасары Дания Еспаева тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС пакеттері арасында көрсетілетін қызмет түрлерінің айырмашылықтары белгіленетінін айтты. Сондай-ақ жекелеген қызметтерге қатысты тарифтер қайта қаралып, желілік шкала бойынша шектеулер алынып тасталады.

– Келер жылдан бастап денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесі өзгереді. Яғни, қаржы ағындары бір пулға біріктіріледі. Ол үшін заңнамалық деңгейде тиісті өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және азаматтардың жеңілдетілген санаты үшін мемлекет жарналары төлеуге республикалық бюджеттен қорға нысаналы жарна ұғымы енгізілді. Бұл қаржыландыруды әкімшілендіруді жеңілдетуге және медицина қызметкерлерін артық есептіліктен босатуға жол ашады, – деді вице-спикер.

БІР АПТАДА – 3 МЫҢ ҚЫЛМЫС

Елімізде бір апта ішінде 2 893 қылмыс жасалып, оның 1 800-і тәулік ішінде ашылған. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің апталық брифингінде белгілі болды.

«Полиция қызметкерлері «ізін суытпай» 8 кісі өлтіруді, 9 өлімге әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді, 1 қарақшылық, 31 тонау және 368 бөтен мүлікті ұрлау қылмыстарын ашты», – деді ІІМ өкілі Шұғыла Тұрлыбек.

Сондай-ақ 2-8 қазан аралығында ел аумағында «Заңсыз келуші» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Оның мақсаты – заңсыз көші-кон арналарын анықтау және оның жолын кесу.

«Операция барысында көші-кон заңнамасын бұзған 8 303 шетелдік, сонымен қатар шетелдіктердің елде болу ережесін дұрыс қамтамасыз етпеген 2 632 адам мен шетелдік жұмыс күшін тарту ережелерін бұзған 537 адам жауапкершілікке тартылды. Елден 931 шетелдік азамат шығарылды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінен келген шетелдіктер арасынан 22 қылмыскер ұсталды», – деді ІІМ өкілі.





50 МЫҢ АДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

Өткен жұма күні Алматы облысы Чапаев ауылында «AMANAT» партиясы халықтың қаржылық сауатын арттыру мақсатында Нәлук Банкпен бірге жүзеге асырып келе жатқан «Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушыларымен кездесу өтті. Іс-шарада партияның облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғоджаев модератор болды. Бүгінде өңірдің 6 мыңнан астам тұрғыны жоба аясында оқуын аяқтады.

Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың қаржылық сауатын арттырудың маңызын тілге тиек етіп, биыл мамырдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін атап өтті. Бүгінде осы жоба аясында 50 мыңнан астам отандасмыз қаражаттың тиімді басқаруды және шығындарды оңтайландыруды үйренді.

Бұл ретте, жоба түлектерінің 90 пайызы оқу процесі кезінде ғана алған несиеінің артық төлем мөлшерін біліп жатады. Несиеінің қай банкте рәсімделгені немесе несие шартының түпнұсқасы қайда жатқаны көп адамның есінде жоқ. «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің айтуынша, қаржы технологияларының қарқынды дамуы мен халықтың қаржылық сауатсыздығы елдегі әлеуметтік проблемаларды шиеленістіре түсті.

«Көп адамның шығыны кірісінен асып түседі. Адамдар айырмашылықты несиемен өтеуге тырысады. Көп жағдайда бір несиеінің қарызын екінші несиеімен жабады. Жобаға қатысушылардың бірінде бір мезгілде 26 несие болды. Яғни, адамдар қарызды «жеңіл ақша» ретінде қабылдайды. Сондықтан Мемлекет басшысы жоба нәтижесін білгеннен кейін оның ауқымды кеңейтуді

тапсырды. Мәселен, келесі жылдан бастап барлық ауданда қаржы сарапшылары жұмыс істей бастайды. Оларға кез келген уақытта барып, кеңес алуға болады. Алайда мәселенің тек салдарымен ғана емес, сонымен бірге себебімен де күресу керек. Осы мақсатта, партия мектептерге, колледждерге және жоғары оқу орындарына қаржылық сауаттылық сабағын енгізу үшін оқу құралын әзірлеуге кірісті», — деді ол.

Еңбекшіқазақ ауданы Нұра ауылының тұрғыны Махаббат Әлиева «Қарызсыз қоғам» жобасына қатысудан алған әсерімен бөлісті. Ол жеті бала өсіріп отыр. Оның бірі — I топтағы мүгедек.

«2022 жылы банктердің бірінен 735 000 теңге көлемінде несие алдым. Күйеуім екеуіміз оны біраз уақыт төлей алмадық. Өсімақыпен айыппұлдар жинала бастады. Бұл ретте, жоба заңгерлері банкке хат жолдап, соның нәтижесінде ай сайынғы төлем 47 мың теңгеден 40 мың теңгеге дейін төмендеді», — деді ол.

Ал М.Түймебаев ауылының тұрғыны Жәнісгүл Дәулетова мүгедектігіне қарамастан бизнеспен айналысады. Кәсіпкер қазактың ұлттық киімдерін, көрпелер мен киіз бұйымдарын тігеді. Оқу барысында салық есебін жүргізуі, ШОБ-ты мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуы үйренді. Жоба сарапшылары кәсіпкерге бизнес-жоспар құруға көмектесіп, енді ол тігін цехын ашу үшін жеңілдікпен берілетін несие алуға жоспарлап отыр.

Эльдар Жұмағазиевтің айтуынша, микро және шағын бизнес өкілдерінің базарлар мен сауда орталықтарындағы тауар өткізу нүктелеріне қолжетімділігін қамтамасыз етіп, өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялармен ынтымақтастықты жолға қоюы керек.

Өз кезегінде «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңесінің басшысы Ақмарал Бекмұраева қазір елдің

экономикалық белсенді өкілдерінің 77 пайызы несие алғанын, ал 1,5 млн адамның мерзімі өтіп кеткен берешегі бар екенін атап өтті.

«Жобаны жүзеге асыру кезінде жиған тәжірибеміз қарап, несие қарызы отбасындағы қарым-қатынасқа да теріс әсер ететінін айтар едім. Тіпті, кей жағдайда мұндай қарыздар ауық-ауық естіп жататын қайғылы оқиғаларға да себепкер болады. Жоба қатысушылары көбіне-көп кіріс көлемін арттыру үшін жеке кәсіп ашу жолдары туралы сұрайды. Жоба аясында сарапшылар жеңілдікпен берілетін несие мен грант алуға қажет бизнес-жоспар құруға көмектеседі. Бұл жұмыс та ақысыз негізде жүргізіледі. Қаржы мамандарының дәрісінен бөлек, оқу процесі барысында қатысушыларға заңгер көмегіне кепілдік беріледі. Олар әр қарыз алушының несие тарихын жеке зерттеп, қарыз жүктемесін жергілікті бойынша тәжірибелік кеңес береді», — деді ол.

Еске сала кетейік, биыл соуірде «AMANAT» партиясы Нәлук Банкпен бірге «Қарызсыз қоғам» жобасының басталғанын жариялап, тиісті меморандумға қол қойған болатын. Жобаны Нәлук Банк қаржыландырады. Жобаның басты мақсаты — ауыл тұрғындарының қаржылық сауатын арттыру. Жыл соңына дейін 60 мыңға жуық адам «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқудан өте алады. Курсқа жазылу үшін тұрғылықты жері бойынша «AMANAT» партиясының аудандық филиалына хабарласу қажет. Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Оқу процесінің ұзақтығы — 5 жұмыс күні. Бүгінде курстар Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының тұрғындарына қолжетімді.

ЖАСТАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ КЕРЕК

«AMANAT» партиясы жанындағы республикалық Жастарды қолдау кеңесінің отырысы өтті. Жиында жастарды жұмыспен қамту және олардың әл-ауқатын жақсарту мәселесі талқыланды.

Сөз басында Парламент Мәжілісінің депутаты, кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы статистика әзірлеу кезінде елімізде жұмыссыз жүрген жастардың нақты санын бұрмалауды доғару қажет екенін атап өтті.

«Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының небары 4,9 пайызы жұмыссыз деген мәлімет береді. Анығында солай ма? Елімізде НЕЕТ санатындағы жастар саны — 422 000. Сонымен қатар 400 000-нан астам өреніміз өзін-өзі жұмыспен қамтыса, жұмыссыз жастар саны 80 000-ды құрап отыр. Яғни, бас-аяғы 900 мыңнан астам жас азамат тұрақты жұмыспен қамтылмай отыр деген

жұмыс беруші студентті жұмысқа алуға асықпайды. Себебі шәкіртіміз қандай да бір жаракат алған жағдайда жұмыс беруші оның емделуіне, қалпына келуіне қажет қаражатты төлеуге тиіс болады. Сондықтан студенттердің өмірін сақтандыру жұмысын қолға алып жатырмыз», — деді Наталья Жұмаділлаева.

Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жастарды техникалық және кәсіптік бағытта білім алуға тарту мақсатында шәкіртіміз көлемі ұлғайтылып жатқанын атап өтті. Бұған қоса, әлеуметтік жағдай оңалтқыштарда тәрбиеленетін 150 000 студентке тегін ыстық тамақ беріледі. Сонымен қатар өзге өңірлерден, қалалар мен аудандардан келген студенттерге жылына 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жол жүр ақысына жеңілдік қарастырылған.

Вице-министрдің айтуынша, еліміздегі колледждерде жыл

арасында НЕЕТ санатындағы 77,1 мыңнан астам жас азамат бар.

Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов НЕЕТ санатындағы жастар санын азайту және «Серпін» бағдарламасының аясын кеңейту мәселесіне тоқталып, бірқатар ұсыныс-пікір айтты.

«Жастарды қоғамдық жұмысқа көптеп тарту қажет. Халықаралық тәжірибе байқайты отырғандай, НЕЕТ санатындағы жастар санын азайтудың бірден-бір жолы — осы. Бұл ретте, «Жасыл ел» бағдарламасын қайта қарау қажет деген ойдамыз. Яғни, маусымдық жұмысты тұрақты жұмысқа айналдыру қажет. Осы орайда ікемді жалақы төлеу жүйесін де енгізу керек. Мәселен, бүгін жұмыс істесен, жалақыны да бүгін аласың. Ертең жұмысқа барғын келмей қалған жағдайда, тиісінше еңбекақы алмайсың. Сондай-ақ еңбек ресурсын еңбек



сөз. Құзырлы органдар статистиканы үшке бөліп, жұмыссыз жастардың нақты санын жасырып қалып жатыр. Бұған қоса, өз елімізде екі қолға бір күрек таппай, шетел асып, жұмыс іздеп кетіп жатқан жастар мәселесі тағы бар. Реми статистикаға сәйкес, бұлттыр Оңтүстік Корея мемлекетіне 9 600 жас азамат жұмыс іздеп барды дегенімізбен, анығында аталған елдегі жастарымыздың саны 20 000-нан асып отыр. АҚШ-та, Еуропада мындаған жас азаматымыз жұмыс істеп жүр. Бір ғана мысал, Street Workout-тан жеті дүркін әлем чемпионы, ақтаулық Ильдар Ягьяев — Ұлыбританияда қырыққабат, брокколи теріп жан бағуға мәжбүр. Бұл — біз үшін ауыр сын. Жастар шетелге кетіп жатса, оны басы артық статистикаға бүркемелей, мәселені шешу жолын табу керек», — деді Нартай Аралбайұлы.

Сондай-ақ кеңес төрағасы мектеп оқушыларына кәсіптік дұрыс бағыт-бағдар беру, жоғары оқу орындарында жастарды еңбек нарығында сұранысқа ие маман ретінде дайындау және соған сай жалақы алуын қамтамасыз ету мәселесі де аса маңызды екенін атап өтті.

Осы орайда, Оқу-ағарту министрлігінің бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділлаева еліміздегі 772 колледжде 534 мың студент білім алып жатқанын, оның 341 мыңы мемлекеттік тапсырыс аясында оқытылатынын жеткізді.

«Оқу-ағарту министрлігі техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне баса мән береді. Бүгінде аймақтарда сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алатын студенттер саны артып келеді. Олардың саны 130 000-ға жетті. Яғни, әр өңір өзінің дамуына жағдай жасауға бағытталған. Бүгінде өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде 715,5 мың адам жұмысқа орналастырылды. Оның 352,7 мыңы — жастар. «Мықты өңірлер — ел дамуының драйвері» Ұлттық жұмысқа орналастырудың ең жоғары деңгейі қамтамасыз етіліп, 5 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды», — деді вице-министр.

Сондай-ақ Олжас Ордабаевтың айтуынша, субсидияланатын жұмыс орындары шеңберінде тиісті кәсіптік білімі бар 178 мыңға жуық жас азамат алғашқы жұмыспен қамтылды. Олардың

сайын 130-140 мың студент оқу бітіреді. Жүргізілген мониторинг жұмысының қорытындысына сәйкес, олардың 77 пайызы жұмысқа орналасады. Ал 17,6 пайызы жеке кәсіпін ашса, 11 пайызы түрлі себепке байланысты жұмысқа орналаспайды.

Өз кезегінде, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев 2023 жылдың екінші тоқсанында еліміздегі экономикалық белсенді жастардың саны 3,7 млн адамды құрайтынын атап өтті.

«Қазақстанда НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі — 7,5 пайыз. Елімізде аталған санаттағы жастардың 50 пайызы бес өңірде, яғни 15 пайызы — Түркістан облысына, 12 пайызы — Алматы қаласына, 9 пайызы — Алматы облысына, 8 пайызы — Қарағанды облысына және 6 пайызы — Астана қаласына тиесілі. Жастарды жұмыспен қамту саласындағы мемлекет

тапшылығы бар өңірлерге бағыттау мәселесін де назарға алған. Мәселен, «Серпін» бағдарламасының аясын кеңейту керек», — деді вице-министр.

Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Гүлжан Жарасова бытыр оқуын аяқтаған түлектердің 75 пайызы жұмысқа орналасқанын атап өтті.

«2014 жылдан бері елімізде «Мәңгілік ел жастары — индустрияға!» (Серпін) жобасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаға еліміздегі 25 жоғары оқу орны тартылды. Жоба шеңберінде 14 мыңнан астам түлек оқуын аяқтады. Олардың басым бөлігі педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша білім алды. Аталған түлектердің 42 пайызы білім алған өңірлерде тұрақтап қалды. Алдағы уақытта



саясаты өскелең ұрпақтың әл-ауқатын арттырып, олардың дамуына жағдай жасауға бағытталған. Бүгінде өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде 715,5 мың адам жұмысқа орналастырылды. Оның 352,7 мыңы — жастар. «Мықты өңірлер — ел дамуының драйвері» Ұлттық жұмысқа орналастырудың ең жоғары деңгейі қамтамасыз етіліп, 5 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды», — деді вице-министр.

Сондай-ақ Олжас Ордабаевтың айтуынша, субсидияланатын жұмыс орындары шеңберінде тиісті кәсіптік білімі бар 178 мыңға жуық жас азамат алғашқы жұмыспен қамтылды. Олардың

олар тек оқыған өңірлерінде қалып қоймай, еңбек тапшылығы бар аймақтарға баруына жағдай жасау мәселесін қолға алып жатырмыз», — деді Гүлжан Жарасова.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының 2023—2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» Сайлауалды бағдарламасы аясында жыл сайын еліміздің колледждері мен жоғары оқу орындарында грант санын көбейте отырып, жастарға еңбек нарығында сұраныстағы мамандықтарды игеруге мүмкіндік беру көзделуде. Сондай-ақ партия 2027 жылға дейін бір жарым миллионнан астам жасты жұмыспен қамту міндетін алға қойып отыр.

ТӘРБИЕГЕ ҮНДЕЙТІН ДӘСТҮРЛІ АКЦИЯ



Соңғы бірнеше жылдан бері қоршаған ортамызға үлес қосқысы келетін адамдардың басын біріктіретін жақсы дәстүр қалыптасты. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, өсіп келе жатқан өскіндерге үлгі-өнеге боларлық ағаш отырғызу науқанына қатысушылардың қарасы артып отырғанын қуантады. Жақында Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мен «Жанұя» орталығының ұйытқы болуымен Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне орай «Өз ағашыңды отырғыз» әлеуметтік акциясы өтті.

Бұл орталық көпбалалы, толық емес, жағдайы төмен отбасыларға, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға

кешенді кеңес беру қызметтерін көрсету, отбасы институтын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсатында құрылған еді. Бүгінде орталық әлеуметтік жағынан қолдау ғана емес, игілікті істердің ұйымдастырылуына да атсалысып келеді. Бұл күні де қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылардағы балаларды экологиялық тәрбиелеу арқылы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, ортақ істе отбасының бірлігін арттыру, балаларды еңбекке баулу және де қоршаған орта мен табиғатты аялау әр адамның жауапкершілігі екенін сезіндіруді мақсат тұтып отыр.

Іс-шараға Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары мен көпбалалы отбасылар қатысты.

«Мұндай акцияның берері мол. Себебі осындай тәрбиелік

мәні зор қоғамдық акциялар отбасыларды қоғамдық іске араластыру, балаларды еңбекке баулу, табиғатты құрметтеу, жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Қазіргі екен талшыбық, ертең жапырағы жайқалған ағаш, одан әрі көрікті орман болатыны белгілі. Осыдан бірнеше жыл өткен соң бұл ағаштардың саясын немере-шөберелеріміз көретін болады. Таза экология, таза қала — жарқын болашағымыз үшін, келешек ұрпағымызға қалады. Дана қазақ «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», деп ағаштын адамзатқа берер пайдасын ерекше атап өткен», — деді Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық комиссиясының хатшысы Қарлығаш Саркенова.

Акцияға қатысушылар бір мезетте 70-ке жуық ағаш отырғызды. Жер бөліп, ағаш отырғызуға Сарыарқа ауданы әкімлігі қолдау көрсетті. Өз кезегінде акцияға қатысушылар қоғамды қоршаған ортаны аялауға үндейтін осындай дәстүрлі іс-шараға атсалысқандарын мақтаншы етті. Олардың айтуынша, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, ортақ істе отбасының бірлігін арттыруда мұндай шараның маңызы зор. Өйткені осы арқылы балаларды еңбекке баулу және қоршаған орта мен табиғатты аялауды жауапкершілігі жоғары екенін сезіндіруге болады.

Ж.МҮСІЛІМ

МЕТАДОН ТЕРАПИЯСЫ: КҮДІК БҰЛТЫ ҚАЛЫҢ

Келесі жылдан бастап еліміз есірткіні бюджет есебінен сатып алуға кіріседі. Бұл тіпті де өзін емес. Әңгіме метадон терапиясы бағдарламасын мемлекеттің жүзеге асыра бастайтынына қатысты болып отыр. Бұрын оны батыстық халықаралық ұйымдар қаржыландыратын. Бұл жаңалық сарапшыларды, қоғамдық мәселелерге селқос қарамайтын жұртшылықты дүр сілкіндірді. Белсенділер бұған қарсы петиция жариялады.

Елдос СЕНБАЙ

ҚАРСЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

«Қазақстанға бір есірткіні екіншісімен заңды түрде алмастыратын мемлекеттік бағдарлама керек пе?» деген тақырыптағы таластар қайта басталды. Құқық қорғаушы, практик заңгер, «Қорғау HR» басшысы Әлия Абдинова онлайн петиция жариялап, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен халықтың денсаулығына қатер төндіретін метадон есірткісін заңдастыру жобасына қарсы кол жинауда.

Бүгінде оған 7 мыңнан астам адам кол қойған. Оның ішінде 6,4 мыңдайы петицияны жақтады. Тағы 635 адам петицияға қарсылығын білдірген.

«Метадон — қауіпті синтетикалық есірткі. Оны қолдану адамға героин және морфин сияқты зиян келтіреді. Алайда Денсаулық сақтау министрлігі метадон есірткісін республикалық бюджет қаражатына сатып алып, медициналық көмек ретінде тегін таратуға ниетті. Азамат ретінде мен бұған қарсымын. Қазақстанда бұл есірткіні белгілі бір тұлғалардың тобы нысаналы, табанды түрде ілгерілетіп келеді. Бұған дейін және 2024 жылға дейін метадонды сатып алу ЖИТС, туберкулез және маляриямен күрестің Жаһандық қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Отандық эксперттердің бағалауынша, аталған есірткінің шығыны — 28,6 миллион доллар», — делі Әлия Сәбитқызы.

Қоғам белсенділері метадон сиробын дайындау үшін Қазақстанға заңды түрде әкелінетін компоненттер елімізде синтетикалық есірткінің өзге түрлерін шығаруға негіз болуы мүмкін деп алаңдайды. Өйткені құзырлы органдардың күресі аясында республикада синтетикалық есірткі жасалатын зертханалар көптеп әшкереленуде.

Психологтер метадонға тәуелді адамдардың бойын дүлей күш билейтінін, олар шектен тыс агрессия танытып, жо-

лындағысын қиратып жіберуге дайын тұратынын айтады. Аталған терапияны ұсынып жүрген ұйымдардың өздері де ашық ескертеді: метадон жеткізілімі ең құрығанда, бір күнге кешіктірілсе, оны алушылар наразылығын білдіріп, тәртіпсіздіктер ұйымдастыруы мүмкін.

Яғни, елдегі әлеуметтік-саяси кернеуді күшейтуі — ықтимал салдарлардың бірі. Қасіретті Қантар оқиғасын бастан өткерген ел мұндай қадамнан абай болса керек. Сондықтан құқық қорғаушы Әлия Абдинова және басқа да қоғам белсенділері Президентке қайырылып, Қазақстанда бұрынғы билік жүзеге асырған сынақ пен тәжірибеге тосқауыл қоюды, метадонды медициналық мақсатта пайдалануға түбегейлі тыйым салуды сұрап отыр.

Егер ондай саяси шешім қабылданса, онда ұлттық заңнаманы өзгертіп, жаңадан нормативтік-құқықтық актілер қабылдау қажет болады. Мәселен, онда метадон ІІ кестеден І кестеге кері көшірілуі, яғни медициналық мақсатта қолдануға тыйым салынған есірткіге жатқызылуы шарт. Сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерден бұл есірткі түрін сатып алуға қаражат бөлінбеуі тиіс.

Айтпақшы, белсенділер Мемлекет басшысынан метадон терапиясын ілгерілеткен барлық тұлғаларды тауып, жазаға тартуды сұрады.

МЕТАДОНДЫ БЮДЖЕТ ҚАРЖЫЛАНДЫРА МА?

Қазақстанда метадон алмастыру терапиясының пилоттық жобасы Денсаулық сақтау министрлігі тізгінін білікті дәрігер Жақсылық Досқалиев қолына алғанда енгізілді. Бұдан бұрын, 2003 жылы аталған терапияны ілгерілету бастамасы қолға алынған: Қазақстанға Жаһандық қор қаржы бөле бастады.

Бастапқыда метадон есірткінің героин сияқты аса ауыр түрлерін тұтынатын жастарға немесе ине салатын инъекциялық нашақорларға, жезөкшелерге тек облыс орталықтарында та-



ратылады деп есептелген. Бірақ бұл пилоттық жоба тез-ақ бүкіл елді қамтыды. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, метадон Алматы, Атырау, Ақтөбе, Тараз, Қарағанды, Теміртау, Павлодар, Екібастұз, Өскемен, Семей, Қостанай, Қызылорда, Орал сияқты қалаларда, облыс орталықтарында үлестіріледі.

2024 жылға арналған республикалық бюджетте де, Денсаулық сақтау ми-

EnergyProm мониторинг агенттігінің сарапшылары да Үкіметтің, Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайттарынан 2024 жылғы І қантардан бастап, метадон бағдарламасының бүкіл шығынын ел бюджеті көтеретіні туралы бірде бір материал, түсініктеме таба алмапты.

«Алайда мұны растайтын фактіні біз Жаһандық қордың, Залалды төмендетудің еуразиялық қауымдастығының



Қоғам белсенділері метадон сиробын дайындау үшін Қазақстанға заңды түрде әкелінетін компоненттер елімізде синтетикалық есірткінің өзге түрлерін шығаруға негіз болуы мүмкін деп алаңдайды.

Өйткені құзырлы органдардың күресі аясында республикада синтетикалық есірткі жасалатын зертханалар көптеп әшкереленуде.

нистрлігінің бюджетінде де, медициналық сақтандыру жүйесінде де метадон терапиясына арналған бағдарлама жоқ. Дегенмен елде жүргізіліп жатқан децентрализация және дебиюрократизация әрбір министрлікке өзіне бөлінген ел қаржысын өз қалауынша жұмсауға үлкен еркіндік береді.

Мұның сыртында, он бес жыл жүзеге асырылған метадон бағдарламасы екі жақтан қаржыландырылғаны анықталды: препаратты сатып алуды Жаһандық қор қамтамасыз еткен. Ал оны тасымалдау, логистикасы, сақтау, тиісті кабинеттерді жабдықтау және онда жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы Қазақстанның Денсаулығының мойнына жүктелген.

(ЕАСВ) бағдарламалары мен есептерінен, гранттық құжаттарынан тауып алдық. Одан белгілі болғанындай, бірнеше жыл бұрын аталған бағытқа халықаралық грантты алу туралы келісімге кол қоя отырып, Қазақстан шынымен де метадон бағдарламасын бірте-бірте мемлекеттік қаржыландыруға көшіру туралы өзіне міндеттеме алған. Көшіру мерзімі — 2024 жыл. Метадонды сатып алуды қаржыландыру үшін қажетті сома — 146,6 мың доллар (қазіргі бағаммен 69,5 миллион теңге)», — деп хабарлады EnergyProm.

Агенттік бұған дайындық, мысалы метадонды азаматтар үшін тегін препараттар тізіміне қосу жұмыстары жүріп жатқанына назар аудартты. Атал-

логистикалық, кедендік және әкімшілік кедергілер реттелсе, жүктердің жылдам өтуі жеңілдейді және Қазақстан арқылы Қытай Халық Республикасынан Ресей Федерациясының Сібір аймағына өтетін қысқа көлік бағыты ашылады.

— Жакында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасының ынтымақтастығы жөніндегі палаталарлық парламенттік комиссияның отырысында көтерілген мәселені Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының депутаттары мақұлдап, қабылдады, — дейді Ұ.Тұмашинов.

Депутат Ертіс су айдынында орналасқан өңірлерді, оның ішінде Шығыс Қазақстан, Абай және Павлодар облыстары үшін өте үлкен перспектива болатынын жеткізді.

— Семей қаласындағы теңіз мектебін және Прибрежное кентіндегі кеме жөндеу зауытын қалпына келтіру орынды деп есептейміз. Бұл дегеніміз — жұмыс орындары мен жергілікті мамандар. Қолда бар кемелерді де ретке келтіру керек. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының Орал кеме жасау зауытында заманауи өзен кемелерін жасап, Ресей кемелеріне тапсырыс беріп және жүк ағынын көбейткен абзал. Су арқылы тасымалданатын жүктердің тізімі шектеусіз екені бәрімізге мәлім. Олардың қатарында ауыл шаруашылығы өнімдері, құрылыс материалдары, металлургиялық өнімдер, халық тұтынатын және т.б. тауарлар бар, — делі депутат.

Нәтижесінде, жаңа Көлік министрлігіне өзен қатынасын қалпына келтірудің жол картасын жасау ұсынылды. Осыған дейін «Қазақстан су жолдары» мекемесі кемелерінің қауіпсіз жүзуді қамтамасыз ету мақсатында 2614 навигациялық белгі қойылғанын мәлімдеген болатын. Бүгінде республикада жалпы ұзындығы 2 104 км кеме қатынасы су жолдары бар. Статистика бойынша, 781 өзен көлігі және 18 959 шағын көлемді

ған синтетикалық есірткі Қазақстанның ұлттық дәрілік формулярына енгізілді.

Мұның арты неге соқтыратыны белгісіз.

ТЕРАПИЯ ТИІМДІ МЕ?

Емнің бұл түрін қолдайтындардың өз дәйектемелері бар. БҰҰ есірткілер және қылмыстар жөніндегі басқармасы (United Nations Office on Drugs and Crime немесе UNODC) сарапшылары метадон терапиясына пайда барына сендіреді.

Алмастырушы терапия бағдарламасына (Программа заместительной терапии) жыл сайын шамамен 300 есірткіге тәуелді қазақстандық қатысатын көрінеді.

UNODC дерегінше, терапиядан өткендердің 182-сі жұмысқа тұрған. 39-ы оқу бітіріп, мамандық иеленді. 17-сі туберкулезге қарсы терапиядан өткен. 66-сы отбасы құрыпты. Үшеуі сау бала туған. Отбасылары барының 96 пайызы отбасылық қарым-қатынастарының жақсарғанын атап өткен. 14 пайызы емдеуді аяқтаған екен.

Биыл метадон алмастыру терапиясынан 399 адам ғана өтіпті. Сондықтан олардың бар-жоғы қоғамға белгісіз. Егер олардың саны мыңдап есептелсе не болмақ?

Денсаулық сақтау министрлігінің Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығының мәліметінше, Қазақстанда есірткіге тәуелді қазақстандықтардың саны 79,9 мыңнан асады. Яғни, солардың ішінде метадонмен емделетіндерінің үлесі мардымсыз: 1 пайыздан аз.

Метадонды ілгерілетіп жүрген үкіметтік емес халықаралық ұйымдардың сарапшылары жыл сайын бұл жобаға қатысушылар санын кем дегенде 1,1 мыңнан асыруға кеңес берген.

Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша, метадон бағдарламасы жүзеге асырылған 15 жылда мұндай терапиядан жалпы саны 1 594 қазақстандық өтті. Қатысушылардың жобаға қатысуының орташа мерзімі екі жылды құрайды. Өзге есірткі түрлерінен бас тартып, метадон синтетикалық есірткісін қабылдайтын нашақорлардың орташа жасы — 43 жас.

Сарапшылардың айтуынша, бұл бағдарламаның тиімділігін немесе залалын бағалау күрделі. Халықаралық ұйымдар қорытындыларын ашық жариялай бермейді. Мысалы, қатысушылардың 26-сы қайтыс болған. Бірақ ашық дереккөздерде олардың негізінен аурудан, жазатынға оқиғалар салдарынан жан тапсырғаны ғана айтылады.

Бұл жобаның халқымыздың қалауымен емес, халықаралық бақылаумен жүргізілуі де күдік бұлтын қалыңдата түсетіні сөзсіз.

ӨЗЕН КЕМЕ ҚАТЫНАСЫН ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҮР

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің географиялық орналасуын өз артықшылығымызға айналдыруымыз керек екенін атап өтті. Жақында «AMANAT» партиясының депутаттары Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға Ертіс бойындағы өзен кеме қатынасын қайта қалпына келтіру туралы сауал жолдады.

Кәмила ЕРКІН

Қытаймен сауда жасау үшін кеме қатынасын дамыту аса маңызды, тіпті өзеннің түбін тереңдету мәселесі туындап отыр. Бұл Ресей мен Қытай арасында трансұлттық кеме бағытын құруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта депутаттар Қытай Халық Республикасымен сыртқы сауданың транзиттік әлеуетін дамыту үшін жаңа көлік бағыттарын салу мәселесінің маңыздылығына назар аударды.

Осыған дейін бұл мәселе солтүстік көрші елдің парламентінде де талқыланған еді. Ресей экономика министрлігі: «Теміржолдың қуаты таусылғанын ескерсек, әуе тасымалының құны өте жоғары, су қатынасы бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Ертісті игеру жүк тасымалын жолға қоюға, туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Өзен кеме қатынасы тасымалдаушылардың шығындарын 30 пайызға азайтады. Сондықтан инвесторлар қазірдің өзінде кеме қатынасына қызығушылық танытып, атап айтқанда Павлодарда айлақ құрылысына қатысуға дайын», — деп мәлімдеген болатын.

Ал қазақстандық депутаттар Қытай Халық Республикасының Қара Ертісінен Ертіс пен Обь бойымен Обь шығанағына дейін және бүкіл Сібір аймағы Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі ескі су жолын қайта жаңғыртуды ұсынып отыр.

— Бұған біраз уақыт бұрын Ново-Шүлбі ГЭС-інің аяқталмаған шлюз



Су көлігі — ең арзан көліктердің бірі. Өңірлердің экономикалық дамуына серпін беретін барлық логистикалық, кедендік және әкімшілік кедергілер реттелсе, жүктердің жылдам өтуі жеңілдейді және Қазақстан арқылы Қытай Халық Республикасынан Ресей Федерациясының Сібір аймағына өтетін қысқа көлік бағыты ашылады.

бөлігі кедергі келтірген болатын. Бүгінде шлюз бөлімі пайдалануға беріліп, жұмыс істеп тұр, өзен кемелерінің өтуіне еш кедергі жоқ. Пристандардың, айлақтардың жағалау құрылыстарының инфрақұрылымы сақталған. Бар болғаны, Ресей Федерациясы жағынан Ертіс өзенінің түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу, өзен фарватерлерін жербеті

снарядтармен тазартып, 3 мың тоннаға дейінгі кемелер өте алатындай учаскелерді белгілеу керек, — делі Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашинов.

Оның пікірінше, жобаны жүзеге асыру ауқымды қаражатты қажет етпейді. Өйткені су көлігі — ең арзан көліктердің бірі. Өңірлердің экономикалық дамуына серпін беретін барлық

кеме тіркелген. Кеме қатынасы Ле-Балкаш, Орал-Каспий және Ертіс бассейндерінің кеме қатынасы учаскелерінде жүзеге асырылады. Дегенмен жүк тасымалының көп бөлігі еліміздің шығыс өңірінде жүргізіледі. Негізінен, су көлігінде құм-киыршық тас қоспасы, көмір, әлеуметтік жүктер және балық өнімдері тасымалданады.

Кеме қатынасының тарихына аз кем тоқталар болсақ, ең алғашқы кеме Семей қаласына 1862 жылы келген. 1899 жылы 27 мың тұрғыны бар қалада жеті жеті кенесі, оның ішінде сол кездесі ең ірі көлік және сауда мекемелері болды. Олардың негізгі бөлігі Омбы мен Семей арасында жүк тасымалдаумен айналысты. Ең арзан көлік түрі ретінде өзен флоты халық шаруашылығы мен тасымал саласындағы қажеттіліктерді толық қамтамасыз ете алды.

Семей мен Павлодарда 1930 жылдары кеме жөндеу зауыттары салынды. «Академик Мичурин» және «Циолковский» жолаушы кемелері зауыттан шыққан алғашқы кемелердің қатарында болатын. Ал Ертіс өзенінде салынған Өскемен және Бұқтырма ГЭС өңірдің дамуына зор үлес қосты. Осы кезеңнен бастап Шығыс Қазақстан облысы КСРО түсті металлургиясының орталығына айналды.

Ал қазір өзен кеме қатынасының әлеуетін жүк немесе жолаушылар тасымалынан бөлек, аймақтағы туризмді дамытуға пайдалануға болады. Мәселен, ШҚО Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің туризм комитетінің отырысында су туризмін жандандыру жобасы таныстырылған. Жергілікті кәсіпкерлер өзен трамвайларында суда серуендеуді ұйымдастырса, жолаушылар тасымалы бір маусымда 40 мыңнан астам адамға қызмет көрсетеді. Шығыс Қазақстанда су туризмін дамытудың мүмкіндіктері зор. Өйткені бұл аймақта Бұқтырма су қоймасы, Зойсан көлі және Шекелмес шатқалы, Сайдан-ақ еліміздегі ең үлкен Катонқарағай ұлттық паркі орналасқан.



АГРОҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ 33 ПАЙЫЗЫ – ТҮРКІСТАНДА

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласының қарқыны күн санап өсіп, өңір экономикасының дамуына оң әсерін беріп жатыр. Айталық, облыстың ауыл шаруашылығы республика бойынша өндірілетін жалпы өнімнің 13 пайыздан астамы Түркістан облысында, қазіргі таңда жалпы көлемі 506,2 млрд теңгеге жеткен. Сондай-ақ агроқұрылымдардың 33 пайызы (80 мың) осы облыста. Бұл туралы Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі мәлімдеді.

Айта кетейік, биыл қантар-тамыз айлары аралығында облыстағы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 506,2 млрд теңгеге жеткен. Ал салаға салынған инвестиция көлемі 50,4 млрд теңгені құраған. Бұдан бөлек, агроөнеркәсіптік кешен саласында құны 10,6 млрд теңгеге 26 жоба іске қосылып, 300-ге жуық жұмыс орындары ашылды.

Сонымен қатар өңірде ауыл шаруашылығы дақылдары 870 мың гектарға егіліп, өткен жылмен салыстырғанда 9 мың гектарға артқан. Ал қарқынды баулардың көлемі 5 мың гектарға жетті. Сондай-ақ республикадағы жылыжайлардың 70 пайыздан астамы Түркістан облысында, қазіргі таңда жалпы көлемі – 1 577,4 гектар.

Ал мал шаруашылығы бойынша да облыс жетекші орында. Мәселен, елімізден экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 85 пайызы, қой етінің 60 пайызы – түркістандықтардың

үлесінде. Биыл 8 айда 6,2 мың тонна ірі қара мал еті, 3,1 мың тонна қой еті экспортқа жөнелтілген. Қазір облыс аумағында 1 млн 231,5 мың бас ірі қара мал, 5 млн 349,5 мың бас ұсақ мал, 465,2 мың бас жылқы, 41,7 мың бас түйе бар.

Еске сала кетейік, облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен Түркістан облысында Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді.

Бүгінде тұжырымдама аясында 2027 жылға дейін жалпы өнім көлемі мен еңбек өнімділігін 2 есе, салаға тартылатын жеке инвестициялар көлемін 6 есеге ұлғайту, қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 2,3 есеге ұлғайту міндеттері қарастырылған.

Тельман ӘБДІБЕКҰЛЫ,
Түркістан облысы

ДЕЛДАЛ БАЙЫП, ХАЛЫҚ АЛАҚАН ЖАЙМАСЫН

Қарағанды облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы күн сайын артауда. Басқа да заттарға артық баға қойып сату да үдеген. Оны көтеріп отырғандар – жеке кәсіпкерлер. Тауар бағасын көрсетілген тауарлық үстемеақыдан асыра саудалап, қымбатшылықты қолдан жасауда. Жыл басынан бері Тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне 2 мыңнан астам өтініш келіп түскен.

Мамандар тиісті тексеру жұмыстарын жүргізіп, 2 кәсіпкерге 258 750 мың теңге айыппұл салса, 18-не ескерту берген. Одан бөлек, бір іс бойынша екі тарап өзара татуласып, бір іс бойынша зерттеу жасаған департамент мамандары заңбұзушылық болмағанын анықтаған.

Бұл туралы Қарағанды облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының міндетін атқарушы Әсел Сахариева өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді.

– Тұтынушылардың арыз-шағымның басым бөлігі – тұрмыстық қызмет көрсету, жиһаз өндірісі мен пластик терезелерді орнату қызметіне байланысты. Яғни, тұтынушы сатып алған тауарынан өзі қалағандай нәтиже ала алмаған. Ұсынылған қызмет кезінде қызметкерлер өз міндетіне салғырт қараған. Осындай келеңсіздікке тап болған тұтынушылар департаментке шағым түсірген. Мамандар жыл басынан бері түрлі орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жұмыстарын жүргізіп, бес кәсіпкерге ескерту жасады. Тағы бесеуіне айыппұл салып, 767 500 мың теңге өндірілді. Тексеру жұмыстары кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын көрсетілген тауарлық

Дүкендерде жеке кәсіпкерлер «Тауар кері қайтарылмайды және ауыстырылмайды» деген жазумен тактайша іліп қойған. Сонымен қатар тек дүкен емес, мұндай жағдай дүрханаларда да жиі тіркелуде. Ал жеке кәсіпкерлердің бұл әрекеті заңсыз. Кей заттарға ғана бұл қағида қаралған.

Сондай-ақ дәурені жүріп тұрған, делдал болып жүргендер сапында тек қана дүкен иелері ғана емес, «жемесем түсіме кіреді, жемем тісіме кіреді» деп қызылсыраған қазактың дастарқанына келіп жеткенше еттің бағасын мың құбылгатындар да бар.

Қазір қалада құс, сиыр мен шошқа еті өтімді. – Қала болған сон барлығы бірдей жылқы мен қой етін жей бермейді. Әркім қалтасына қарай көсіледі. Көбіне елдің тұтынатыны – құс еті. Бұдан сон қой мен сиыр еті. Ал жылқы етін сирек алады. Оған себеп – бағаның қымбаттығы. Жылқыны тек қонақ күткенде ғана алады. Онда да тұтынушылар қазы мен қарта, жал-жая сұрайды. Біз қазір жылқы етінің келісін 2 800 теңгеден қабылдап, оны 3 500 теңгеге сатамыз, – дейді ет сатушы Арман Бولاتұлы.

Үстеме бағаны тек сатушы ғана емес ортадағы делдал да қосады. Ауылдағы шаруа малына қарай ма, қалаға әкеліп саудалай ма? Әрине, делдалға арзанға бере салғаны жөн.



үстемеақыдан асырып саудалаған 12 кәсіпкер анықталып, ескерту берілді. Одан бөлек, рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағасынан асырып сатқан бір кәсіпкерлік субъектіге 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды, – дейді Әсел Сахариева.

Сонымен қатар Қарағандыда электронды коммерция және тұрмыстық қызмет көрсету кезіндегі заңбұзушылық жиілеген. Бөлшек сауда бойынша да тұтынушылардан шағым үдеген.

– Бүгінде кәсіпкердің көбі сатып алған тауарының кері қайтарудан бас тартып жатады. Тұтынушылар өнім сапасына, тауар қаптамасына қатысты бұрмалану, кәсіпкерлердің тауардың сатып алғандығын растайтын құжаттарды ұсынбауы жиі кездесіп жатады. Талап қою және сот ісі бойынша департамент талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде 30 сот отырысына қатысты. Оның ішінде сот тұтынушылардың пайдасына 19 шешім шығарып, алты істі екі тараптан өзара мәмілеге келістірді. Ал бес іс бойынша шағымданған тұтынушылар сот залында арызын қайтарып алды, – деді Қарағанды облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті бас маманы Еркін Балмағанбетов.

Сатушы мен сатып алушы арасын жалғап тұрған – делдал. Қарағанды облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпановтың айтуынша, ет бағасының бірқалыпты болуын жақсарту үшін тек қана ауыл шаруашылығы өнімдері сатылатын жәрмеңкелер көптеп ұйымдастырылуы тиіс-мыс.

ТҮЙІН.

«Делдал байып, халық алақан жаймасын» деген ниетпен Қарағанды қаласында «Глобал сити» деген сауда орталық мемлекеттен миллиардтаған қаржы бөлініп салынған болатын. Дәл сол жерге шаруалар өнімдерін тікелей әкеліп, арзанға сатады деп те айтты. Оңтүстіктен дикандал ағылып, тиімді бағаммен осы жерде жеміс-жидегін саудалайды делі. Бүгінде бәрі бос сөз болып қалды. Әлі орталық – жай ғана «супермаркет». Өз қолымызды кеспесіз, бірақ халықты қанап, қалтадағысыз қашаның санай береміз?

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

ҚОНАЕВҚА КӨШУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ?

Қонаев қаласынан академиялық қалашық құру мақсатында келер жылы Алматыдағы жоғары оқу орындарын көшіру басталатыны белгілі болды. Ал бұл тізімде қандай университеттердің бар екені туралы әлі нақты ақпарат шыққан жоқ. Бірақ жұрт әлеуметтік желіде «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ де Қонаевқа көшеді екен» деп шулап жатыр. Бұл ақпарат қаншалықты рас? Ірі университеттерді Алматыдан Қонаевқа көшіру тиімді ме?



Көктем ҚАРҚЫН

«ҚОНАЕВ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ» АШЫЛАДЫ

Естеріңізде болса, бытыр Қонаев қаласы жаңа мәртебе алды. Кейін Алматы облысы әкімінің аппараты Талдықорғаннан толығымен көшті. Қазір бұл облыстық маңызы бар қала. Осыған байланысты болашақта Қонаев ұлғаяды. Қаланы дамытудың жаңа Бас жоспары да жасалыпты. Бұрынғы Бас жоспар бойынша Қонаев аумағы 9 600 гектар жерді алып жатыр. Қаланың өзі бастапқыда 130 мың тұрғынға есептелген. Қазір статистика бойынша, қала тұрғындарының саны 40 мыңнан сәй ғана асады. Жаңа Бас жоспар бойынша Қонаевтың аумағы 19 мың гектарға, ал халық саны 200 мыңға дейін жетеді. Қаланы дамыту үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғары білім министрлігіне «Қонаев академиялық қалашығы» салу жөнінде арнайы тапсырма берген еді. Осы мақсатта қалашық аумағына 2023–2024 жылдарда толық инфрақұрылым жүргізу, халықаралық ұйымдар мен инвестициялық қорлардан қаржы тарту арқылы 2024–2027 жылдар аралығында еліміздің төрт университетін көшіру (1-кезеңде) және шетелдік төрт университетті ашу (2-кезеңде), ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханалар, жатақханалар мен қонақүйлер салу жұмыстары атқарылатын болады. Қалашыққа 100 гектарға жуық жер телімі беріліп, Қонаев қаласының Бас жоспарына енгізілген.

– Президент Қонаев қаласынан үлкен академиялық қалашық ашу туралы тапсырма берді. Алматы облысының әкімілігін тұжырымдаманы дайындадық. Қаладан 97 гектар жер бөлінді. Ол жер арнайы индустриалдық-өндірістік алаң болады. Енді келесі жылы осы 97 гектар жерге Алматыдан қалаға жоғары оқу орындарын ақырындап көшіруді бастаймыз, – дейді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Оның айтуынша, оқу орындарына көшу үшін екі жол ұсынылады. Университеттердің Қонаев қаласына көшіу ерікті түрде жүргізіледі.

– Біріншісі, біз жатақханамен жабылғанда студенттер сол Қонаевта тұрып, сабаққа жедел электр пойыздарымен барып, кешке Қонаевқа сонымен қайтады. Оны Алматы облысының әкімілігімен пысықтап жатырмыз. Мұндай формат негізі көп жерлерде бар. Екіншісі, егер Алматыға мүлдем сыймай жатқан университет болса, оның Қонаевта өз кампусын ашуына болады. Барлығы университеттердің ниетіне байланысты ерікті түрде жүргізіледі, – деді министр.

СТУДЕНТТІ БІРГЕ АЛМАТЫДАН СӨН ДЕ КЕТПЕЙ МЕ?

Жалпы, дамыған елдерде жоғары оқу орындары кампустарының қала шетінде орналасу тенденциясы бұрыннан қалыптасқан. Бұл біріншіден, мегаполистердегі көлік қатынасын реттесе, екіншіден студенттердің арнайы қалашыққа алаңсыз білім алуына септігін тигізеді. Қазір Алматыда 190 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Еліміздегі 119 университеттің 35-і осы Алматы қаласында орналасқан. Бұл жағдай жатақхана мәселесінің ушығуына да себеп болып отыр. Қолымыздағы ақпаратқа сәйкес, қаладағы студенттердің 54 пайызы ғана жатақханамен қамтылған. Сондықтан Алматыдағы университеттерді Қонаевқа көшіру екі қалаға да тиімді. Бірақ бұл тізімде білімнің қара шаңырағына айналған ҚазҰУ бар ма? Ол туралы әлі нақты ақпарат жоқ. ҚазҰУ, Асфендияров атындағы ҚазҰМУ сияқты басқа да ірі университеттердің Қонаевқа көшірілуі мүмкін екені туралы ақпаратты Қонаев әкімдігі жоққа шығарды. «Қазір аталған университеттерді көшіру туралы ресми расталған жоқ және ол бойынша хабарланбады», – деп мәлімдеді әкімдік.

Ал Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиевтің айтуынша, кейбір факультеттердің Қонаев қаласына көшірілуі мүмкін.

– Біз жоғары оқу орындарына жауаптымыз. Сол себепті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті не болмаса Қаныш Сәтбаев университеті сияқты үлкен оқу орындарының кейбір факультеттерін көшіру мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Мысалы, ҚазҰУ-дың өзі үлкен университет. Ол жерде жатақхана тапшылығы бар. Бірақ басқа да жекеменшік университеттер қала сыртына көшеміз дейтін болса, біз мәселені қараймыз, – дейді Қуаныш Ерғалиев.

Алайда қоғам белсенділері Алматыдан ұлттық университеттерді көшіруге қарсы. Себебін әркім әртүрлі түсіндіреді. Бірі «мегаполистен студенттер кетсе, қала қайтадан таз қалпына түседі. Қайтадан жалғыз қазақ мектебі болған кеңестік Алматы сияқты тілі бөтен қалаға айналады. Қазір қаланың орталық бөлігінде қазақша сөйлейтін тек сол студенттер ғана» деп күйінсе, енді бір бөлігі «ҚазҰУ қалашығы сатылып кетпеді ме екен?» деп алаңданды. Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшановтың пікірінше, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін Қонаев қаласына көшіру мүмкін емес. Себебі бұл университет – ежелден келе жатқан танымал оқу орны, қаланың имиджі.

– Қазір 12 мың студент сыятын оқу орнына 29 мың бала келді. Олар жатақханаға сыймай жатыр. Тіпті,

аудиториялар да жетпей, үш ауысымға ауысқандары бар. Ұлттық университетті көшірейік деген әңгіме осы мәселеден шығуы мүмкін. Бірақ оқу орнын толық көшіріп жібере алмаймыз. Тек кейбір факультеттерін ғана ауыстыруға болады. Сондықтан «келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, бұл мәселені жан-жақты талқылау керек. Қонаев қаласының мүмкіндіктеріне қарай кейбір саладағы университеттерді көшіруге болады, – дейді Рахман Алшанов.

ОҚУ ОРНЫ КӨШЕР, ОҚЫТУШЫ ҚАЙТЕР?

Жоғары оқу орындары қауымдастығы президентінің айтуынша, Қонаев қаласын ашқаннан кейін, ол жақты дамытуымыз керек екені түсінікті. Бір азаматтар Алматыдан Қонаевқа трамвайлар қатынасын қосайық деген де ұсыныс айтқан. Қонаевтың инфрақұрылымын дамытуымыз керек. Қазір студенттер ештеңеге қарамастан Алматыға жаппай оқуға келіп жатыр. Жылына Алматыға 120-180 мың студент оқуға түседі. Олар дамыған қаланы көргісі келеді. Ал оларды Қонаевқа көшіру бір күнде шешілетін мәселе емес. Қонаевта жатақхана мен оқу ғимараттары болса, студенттер өздері-ақ баратын еді. Ауыл шаруашылығы, көлік саласындағы университеттер мен медицина саласындағы оқу орындарын, туризм, биология бағытында оқытатын факультеттерді Қонаев қаласына көшіруге болады. Биолог, археолог сияқты мамандықтарда оқытын 4-курс студенттерін Қонаев қаласына тәжірибеден өтуге де жіберуге болады.

– Жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездестік. Олар: «көшсек Қонаев қаласына оқытушылар бара ма? Жатақхана мәселесі шешіле ме? Алматыдан кетіп қалсақ, ол жақтағы жағдайымыз қалай болады?» деп екіойлы болып отыр. Кезінде Медициналық университеттің ректоры Айхан Аканов: «Қаланың шетіне көшер едім, бірақ жол, корпус салу керек. Оқытатын мұғалімдердің қатынасуы да қиын болады» деп айтқан еді. Байқасаныз, Америкада университеттер қала сыртында орналасқан. Петербурдың сыртына да сондай тәжірибеміз кампустар салған. Бірақ оқытушылар қала сыртына бармай қойды. Себебі америкалықтардың барлығында көлік бар. Олардың мүмкіншіліктері, алатын еңбекақылары да басқа. Өзге елдің тәжірибесін енгіземіз десек, біз де өз мүмкіншіліктерімізге қарауымыз керек. Өйткені оқытушылардың барлығы бірдей Алматыдағы жылы орнын суытып, Қонаевқа бармайды. Иә, Қонаевты дамытуымыз керек, Алматыға халық сыймай жатыр. 40 мың студент Алматыда пәтер жалдап жүр. Егер олар Қонаевқа барса, ата-аналардың қалтасына түсетін салмақ та азаюы мүмкін. Бірақ мәселе қалай шешіледі? Қонаевта оқу орындарының корпусын кім салады? Инвесторлар ақша салса да, олар қаржысының өтелгенін талап етеді. Бүгінде бір жатақхана салудың өзі 2 миллиард теңге көлемінде. Оқу ғимаратын салу бұдан да қымбатқа шығады. Сосын оқытушыларға да арнайы пәтер салынуы керек. Сондықтан мемлекеттік арнайы бағдарлама болмаса, Қонаевқа университет жеке қалашық сала алмайды. Ал Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Қонаев қаласы әкімдігінің бюджеті шектеулі. Сонда оқу орындарын кім салады? – дейді Рахман Алшанов.

Еліміздегі өзге қала сыртында орналасқан жалғыз жоғары оқу орны – Сулейман Демірел атындағы университет. Оқу орнының ректоры Әлімжан Игенбаевтың пікірінше, жатақхана – жоғары білім саласындағы күрделі мәселелердің бірі. Бір жағынан алғанда министрдің жоғары оқу орындарын қаланың сыртына көшіру туралы ұсынысы өте маңызды. Сондықтан кампустарды қала сыртына көшірудің тиімділігі көп.

– Негізі, халық көп шоғырланған кез келген қаланың белгілі бір саны студенттерден құралған. Олар өз кезегінде міндетті түрде мобильді көлік қолданады. Ал қоғамдық қатынас қаланың тұрмыс-тіршілігіне үлкен әсер етеді. Сондай-ақ олар үшін қажетті оқу орнының ғимаратынан бастап, жатақхана, кітапхана, ойын-сауық орталықтарына дейін қала шіндегі транспорттық хал-ахуалға ықпал етеді. Қаланың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына тікелей әсер ететін осындай бірнеше жағдайды есепке алар болсақ, қала сыртында бөлек кампустардың болуы студент үшін де, сол жердің әлеуметтік-экономикалық өсімі үшін де артықшылығы бар. Университеттерді қала сыртындағы елді мекендерге көшіру арқылы мегаполистеги автобустардың жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік туады. Қалада тұратын білім алушылардың санын азайтып, студенттік өмірдің өзіндік мәдениетін қалыптастыруға тікелей әсер етуге септігін тигізеді. Бірақ ол үшін кампуса оқу ғимаратының аумағы мен студенттің білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуы керек. Бұл студент үшін маңызды, – дейді ректор.

Ендіше кейбір университеттерді Қонаевқа көшіру екі қала үшін де тиімді. Бірақ жаңадан салынатын «Қонаев академиялық қалашығында» студент пен оқытушыға қажетті барлық жағдай жасалуы керек. Ал ҚазҰУ-ды басы бүтін Қонаевқа көшіре алмаймыз. Өйткені Алматы мен ҚазҰУ егіз ұғымға айналып кеткен. Екеуін бір-бірінен бөлу тарихқа қиянат жасаумен бірдей.

ЖОҒАЛҒАН ЖЫР

жарты ғасырдан соң халқымен қайта қауышты

Алматыдағы Ұлттық кітапханада бұрын-соңды болмаған ерекше кеш өтті. «Ерекше» деуіміздің өзіндік жөні бар. Себебі аталған қарашаңырақта осы уақытқа дейін танымал тұлғалардың шығармаларының тұсауы кесіліп келсе, бұл жолғы қазалылық ақын Ынтызар Әбішевтің жөні мүлдем бөлек. Оның есімі бұған дейін жалпақ жұртқа беймәлім болып келген. Тағдыры қасіретке толы. Сондықтан да болар, руханият ордасының Роза Бердіғалиева атындағы залында өткен ақынның «Өмірде өлең ғана – бар асылым» кітабы мен ол туралы «Жоғалған жыр» фильмінің тұсаукесер рәсімінде толқымаған, көзіне жас алмаған жан кемде-кем.



Жиналған жұрттың мұндай сезім мен көңіл күйді бастан кешуіне бірнеше себеп бар. Өйткені Ынтызар Әбішев — іздеусіз қалған ақын. Жырлары жоғалған, тоналған. Тауқымет арқалап, арманда өткені тағы бар. Небәрі орда бұзар 30 жасында ауру алып тынған, сүйегі туған жерінен алыста, сонау Қырымда қалған, «Қазалының Пушкин» атанған ақынның көзі тірісінде ғана емес, өмірден өткен соң да тартқан қасіреті аз емес. Артында ұрпақ қалмаған ақынның бар байлығы — өлеңдері, қолжазбалары талан-таражға түсіп, тіпті, кейбір пысықайлар өз атынан кітап та шығарып үлгерген. Міне, осыдан кейін-ақ оның кітабын құрастырған немере інісі Нұршайық Әбдуәли мен досы Нұрсұлтан Мықтыбайға ақынның ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен өлеңдерін жинап, бас-аяғын бүгінде онайға соқпағанын көруге болады. Осы себептен де аз ғана ғұмырында өлеңге ғана мұң шағып, қаламы ғана шынайы жан жолдасы болған Ынтызар Әбішевтің белгілі, белгісіз, жоғалған, табылған туындыларының увертюрасындай осынау жинағы — оны білетін көзкөргендерден бөлек, өзі туып-өскен тұтас бір ауылдың асыға күткен жаналығы болғандығы даусыз.

— Бүгін аруаққа тағзым ретінде үлкен кеш өткізіп отырмыз. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген халықпыз. Шын мәнінде, қазақтың көптеген мықты ақыны өмірден ерте озып кетті. Дауыпаз ақын Төлеген Айбергенов 30 жасында келмеске аттанды. Талантты досымыз Бауыржан Усенов 31 жасында қош айтысып кете барды. Кешегі Шокан Уәлиханов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар қыршың кетті. Біреулерінің өмірі заманына, екіншісінің ғұмыры өмір сурген ортасына, үшіншісі дертін байланысты қысқа болды. Осындай дүниеден ерте кеткен ақындар «Жыр елі» атанған Сыр өңірінде деп көп болған. Сыр сүлейгері өмірге келген осынау топырақта қаншама талантты әдебиетшілер, ақын-жазушылар, сыншы-сатириктердің үлкен шоғыры қалыптасты. Солардың ішінде ақын Ынтызар Әбішевтің есімін ерекше атауға болады. Ол — ауыр дерттің кесірінен небәрі 30 жасында өмірден өтсе де, сонында қаншама жыр қалдырған ақын. Оның өлеңдері жазылған дәптерлері, қолжазбалары 52 жылдан кейін табылып, бүгін жыр жинағы жарық көріп отыр. Менің жанымда отырған журналист Нұрсұлтан Мықтыбаев бауырым осы ақынға жанашыр болып, жырларын іздемесе, сонынан түспесе, мұндай мықты ақынның халқымен қайта қауышуы екіталай еді. Ынтызар ақынның туған жері Жанкентте үлкен кеш өтіп, тойы Қазалыда жалғасып, сонда кітабының тұсауы алғаш кесілген екен. Бүгін, міне, қазақтың құтханасына айналған Ұлттық кітапханамыздың төрінде өмірден ерте кеткен қазақтың талантты ақыны Ынтызар Әбішевтің «Өмірде өлең ғана — бар асылым» кітабының тұсаукесер рәсімін тағы бір мәрте жасағалы отырмыз. Олай болса, қазақ поэзиясының алтын қоры тағы бір мықты ақынмен толықты, әдебиетіміздің асыл қорына осындай жаңа кітап, жаңа есім келіп қосылды деп қуанып тұрмыз. Олай айтуымызға толық негіз бар. Болашақта Ынтызар ақынның есімі, шығармашылығы жазыла, айтыла берсін. Келешекте бұл ақынды көбірек зерттеуге, айтуға тиіспіз. Бүгінгі кеште Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының атынан бір ауыз сөз айтып,

осында отырған, сонау Сырдан келген туған-туыскандарын, оқырмандарын құттықтауға рұқсат етіңіздер! Тұсауы кесілгені турған жаңа кітапқа ақ жол, сәт-сапар тілейік! Ақынның талан-таражға түскен жырларын тіркете жинап, жарыққа шығарған Нұрсұлтан мен немересі Нұршайық атты азаматтарға алғысымыз шексіз! Ынтызар ақынның шығармашылығы қазақ елімен мәңгі жасай берсін! Ол кісінің жатқан жері жәннатта, топырағы торқа болсын! — деді шараны ашқан Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын, профессор Бауыржан Жақып.

Әдеби кеште Бауыржан Өміржанұлы бастап, қадірменді меймандар — жазушы Мағира Қожаметова, танымал достурлі өңші, белгілі композитор Сәуле Жанпейісова, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультеті деканының міндетін атқарушы, халықаралық Еуразиялық телерадио академиясының академигі Мәншүк Мұқашева ақынның «Өмірде өлең ғана — бар асылым» кітабының тұсаукесер рәсімін жасап,

өзінің баласындай болған жырларын халқына қалдыра алмай, жеткізе алмай арманда кеткен ақынды 52 жылдан кейін арманына жеткізу, халқымен қайта қауыштыруды мен ұлылық қасиет дер едім. Аз ғана ғұмыр кешіп, көп дүниесі желге ұшқандай болған тұлғаны қайта тірліту — екінің бірін қолынан қалған ақынды қайта тірліткен, керемет кітапты дүниеге әкелген осы екі баламыз болмаса, Ынтызардай ақын ортамызға оралар ма еді? Өрине, жоқ. Бұл, біріншіден, әке-ананың ұлына осы істі аманаттап, ықпал еткені болса, екіншіден — осылардың арасындағы достығы. Ал «Ынтызардың зары» — елдің зары. Ақындарын іздеген бүкіл Сырдың зары, — деді С.Жанпейісова.

— Жат жерде қалған бабаларымызды іздей жүріп, Қырымға да бар-

“

Небәрі орда бұзар 30 жасында ауру алып тынған, сүйегі туған жерінен алыста, сонау Қырымда қалған, «Қазалының Пушкин» атанған ақынның көзі тірісінде ғана емес, өмірден өткен соң да тартқан қасіреті аз емес.

лентасын қиды. Ақынның немере інісі Нұршайық Әбдуәли Ұлттық кітапхана қорына 10 кітапты сыйға тартты. Артынша, жиналғандар Ынтызар Әбішев туралы «Жоғалған жыр» фильмін тамашалады. Идея және сценарий авторы — Нұрсұлтан Мықтыбай. 45 минуттық аталған фильмде ақынның өмірге келген күнінен бастап, ғұмырының сонына дейінгі тауқыметке толы тағдыры баяндалады.

Аталған шараның Ұлттық кітапханада өтуінің өзіндік мәні бар. Себебі арманда өтіп, шерменде кеткен ақынды жарты ғасырдан кейін халқымен қайта қауыштыруға Бақытжамал Оспанова бастаған ұжымның сіңірген еңбегі зор. Осы кітапхананың Анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері Ы.Әбішевтің өлеңдері жарияланған газеттерді тауып, оның жоғалған жырларын қалпына келтіруге, жинағының шығуына қомақты үлес қосқанын ерекше атап өткен ләзім.

— Бүгін Ұлттық кітапханада ерекше кеш өтіп отыр. «Парасат ордасы» атанған осы шаңырақта қаншама шара өтіп келеді. Бірақ бүгінгі кештің орны бөлек. «Жоғалған жыр» фильмін қарап отырып, менің көкейіме өксік тығылды. Терең ой үстінде отырдым. Есімі ұмытылған ақынды қайта тірліткен екі бауырымызға алғысым шексіз. Ынтызар ақынды халқымен қауыштыруға аз да болса үлес қосқанымызға қуанып отырмыз, — деді кітапхана директоры Бақытжамал Қайырбекқызы.

Бұл кеште ақын туралы фильм мен жыр жинағы ғана емес, оның азапты тағдырына арналған «Ынтызардың зары» атты өңнін де тұсауы кесілді. Нұрсұлтан Мықтыбайдың сөзіне жазылған өңнін авторы, дүлдүл өңші Сәуле Жанпейісова ақынның қасіретті тағдыры өзін бейжай қалдырмағанын жеткізді.

— Біз сөз еткелі отырған қазалылық ақын Ынтызар Әбішевтің есімін, өкінішке қарай бұған дейін естіген жоқ-

ғанмын. Сол Қырымда қазақтың ханы Нұралы, Кенес Одағының батыры және Севастополь қаласының команданты болған Іранты капитан атамыз жатыр. Ақын Ынтызар Әбішев Қырымда сүйегі қалған төртінші қазақ болып менің «Жат жерде қалған қазақтар» атты энциклопедияма еніп отыр, — деген Қазақстанның Құрметті журналисі, Халықаралық Ақпараттар академиясының академигі Ермек Жұмаметұлы өзінің сүйінші жаңалығымен бөлісті.

Салтанатты шарада ақынның 5 кітабы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасына да сыйға тартылды. Филология ғылымдарының кандидаты, профессор Мәншүк Тынышқалиқызы алдағы күндері Ынтызар Әбішевтің шығармашылығы аталған оқу орнында оқитын студенттердің диплом жұмыстарының тақырыбына арқау болатынына сенім білдірді.

Осы шараға сонау Сыр елінен арнайы келген ақынның немере інісі, аталған кітаптың жарыққа шығуына себепші болған Кәмен Әбішев пен зайыбы Рабиға Қайып, ақынның көзін көрген ауылдасы, бүгінде Алматы қаласында тұратын Набат Оспанова, немересі Нұршайық Әбдуәли түрлі естеліктер айтып, Ынтызар Әбішевтің ауыр да азапты тағдыры туралы әңгімеледі. Сәуле Жанпейісованың шәкірттері Жайна Барахатова, Дидар Шонаев, Нұрсұлтан Өтеген ақынның сөзіне жазылған өңдерді орындап, жиналған қауымға ерекше көңіл күй сыйлады.

Қорыта айтқанда, бұл күн — өшкені жанып, өлгені қайта тірліген халықтың тойы, арманда өтіп, шерменде кеткен ақынның тойы, ғасыр тойы, жыр тойы, өлең тойы, арман тойы, әділдіктің салтанат құрған күні болып тарихта қалды.

Серік АҚМЫРЗА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



«ЖЕТІСУ ҰСТАЗЫ» ЖЕҢІЛ КӨЛІК ТІЗГІНДЕДІ

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет үйінде Ұстаздар күніне арналған салтанатты шара өтіп, өңірдегі білім саласының өкілдері бас қосты. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев та арнайы келіп, болашақ ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген жандарды атаулы мерекем құттықтап, бірқатар ұстазға марапаттар тапсырды. «Жетісу ұстазы» байқауының жеңімпазына автокөлік сыйға тартылды.

Қонақтар Мәдениет сарайының фойесіне қойылған «Женімпаздар алдасы» атты көрмемен танысты. Ал салтанатты шараның сахнасы «Білім әлеміне жол» тақырыбындағы әдеби-театрлық композициямен ашылды.

Мұғалімдерді кәсіби мерекем құттықтаған облыс басшысы педагогтердің қоғамдағы рөлі жайлы қысқаша айтып, саладағы атқарылған істер мен алдағы кезге белгіленген жұмыстардан хабардар етті.

— Мұғалімдік — адамның жүрек қалауымен келетін аса мәртебелі мамандық. Педагог болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл қоғамды тәрбиелейді. Ұғымтал ұрпақ, зерделі жас, адал азамат ұстаздың тәлім-тәрбиесімен қалыптасады. Соңғы жылдары мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі заң жүзінде айқындалып, жамақасы едәуір өскенін жақсы білесіздер. Биылғы оқу жылының басынан балабақша тәрбиешілерінің де еңбекқасы 30 пайызға көтерілді. Бұл — балалардың алаңсыз білім алуына, мұғалімдердің әлеуметтік, моральдық және материалдық жағдайын жақсартуға мемлекеттің ерекше назар аударып отырғанын айқын айғағы, — деген облыс басшысы мерекеге орай ардагер ұстаздар мен бүгінгі күні дарынды шәкірттер тәрбиелеп жүрген озат мұғалімдердің бірқатарының есімін айрықша атап өтті. Осыдан біраз ғана бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің жеті мұғаліміне «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын бергенін, сол қатарда Талдықорғандағы №19 мектептің қазақ

Облыстық «Үздік сынып жетекші» байқауының жеңімпазы Панфилов ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің 9-сынып жетекшісі Жанар Кегенбаева 1 млн теңгелік сертификатқа ие болды. Сонымен бірге «Үздік кәсіптік білім беру ұйымы», «Үздік қосымша білім беру мекемесі» байқауларының жеңімпаздары болып танылған қараталдық «Балбөбек» балабақшасына, Көксу ауданындағы Жеті-жал орта мектебіне, Талдықорған жоғары политехникалық колледжіне, көксулық «Өнер мектебіне» 1 миллион теңгенің сертификаттары табыс етілді. Ал «Жетісу ұстазы» байқауының жеңімпазы атанған Сарқан ауданы №1 мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі Іңкәр Рахмановаға автокөліктің кілті берілді. Саналы ғұмырын білім саласына арнаған әулеттер арасында өткен облыстық «Ұстаздар әулеті» байқауының жеңімпазы болған кербулақтық Байғалы әулеті «Ұлағат жолындағы ұстаздар» аталымы бойынша, талдықорғандық Жапақовтар әулеті «Ұстаздықты ұлық тұтқан әулет» аталымы бойынша, жаркенттік Үмбетовтер әулеті «Өмірін ұстаздықпен өрнектеген әулет» аталымы бойынша марапатталып, әрқайсысы 200 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Еңбегіне қарай ел ықыласына бөленгендердің мерейлі сәтінен кейін Астана қаласында өткен Республикалық педагогтер сөзіннің делегаты, №28 ІТ лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Индира Байғожина сөз алып,

“

Мұғалімдік — адамның жүрек қалауымен келетін аса мәртебелі мамандық. Педагог болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл қоғамды тәрбиелейді. Ұғымтал ұрпақ, зерделі жас, адал азамат ұстаздың тәлім-тәрбиесімен қалыптасады.

тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 40 жылдан астам білім саласында еңбек етіп келе жатқан Светлана Исаеваның да болғанын мақтанышымен мәлімдеді.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының күні кешегі Республикалық педагогтер съезінде айтқан басты бағыттарына да ерекше тоқталып, жіліктеп түсіндіре кетті. Атап айтқанда, педагогтерге қысым көрсетуді тоқтату, қайта ата-ана, мектеп, жалпы қоғам тарапынан қолдау көрсету, балаларды игі бастамаларға талпындырып, инновациямен жұмыс істейтін мұғалімдердің жетістіктерін насихаттау, кәсіби шеберлігі мен озық тәжірибесін кеңінен тарату туралы тарқата айтты.

Салтанатты жиында озат педагогтерге облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғысхаты, Оқу-ағарту министрлігінің салалық марапаттары тапсырылды. Самархан Абдилдинов, Майра Аканбаева, Заир Атабаев, Ләззат Базарқұлова, Париди Бекмұратова, Жәкен Бершімбаева, Құлшар Буқабаева, Бақытгүл Кәрібекова, Құлжамал Көптілеуова, Махаббат Чүйкенова, Несіпбала Молдабекова сынды бүкіл ғұмырын білім саласына арналған ұстаздар «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

ұлағат пен ұстаз тұрғысында тағлымды ой қозғап, әріптестері атынан жылы лебіз білдірді. Мемлекет басшының ұстаздардың мәртебесін көтерудегі ерекше қолдауы туралы атап өтіп, Республикалық съезд делегаты ретінде алған әсерін жеткізді. Жетісу облысының «Үздік педагогтер» қауымдастығының білімді ілгерілетуге бағытталған жоспарлары жайлы баяндап, көпшілікті кәсіби мерекем құттықтады.

Салтанатты шара соңы облыс өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Жалпы, облыста білім беру саласын қолдау жылдан жылға жақсарып келеді. Биыл осы саланың бюджеті 109 млрд теңгеге жетті. Оның 3,7 млрд теңгесі білім нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ауылдық мектептерді қайта жаңғыртуға жұмсалып отыр. Қазір өңірдің білім саласында 20 мыңға жуық педагог еңбек етеді, соның 2758-і — мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, 15316-і — мектептерде, 1329-ы техникалық кәсіби білім беру мекемелерінде жұмыс жасайды.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Тұтас ел аумағында жерінен айырылып қалған ауылдар, пайларын ала алмай жүрген ауылдықтар саны азаймай тұр. Белгілі бір схема бойынша жүргізілген алаяқтық істер ауылдардың жағдайын төмендетіп, кепілге қойып, миллиардтаған қаржыны қалтасына басқандардың өлі де болса жауапкершілікке тартылмауы тұрғындарды алаңдатады. Мұндай жағдайлар Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облысында болып отыр. Жерін даулаған ауыл тұрғындары ұлан-ғайыр алқаптарды иеленіп алғандарға сөзін өткізе алмағанына налиды. Тіпті, жер дауының сақдарынан бас жарылып, көз шығуы да ықтимал. Оған күзгі егін орағы кезінде бір-біріне өнім жинатпай ерегіскендердің әрекеті дәлел.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

ЖҮЗ МЫҢ ГЕКТАР ЖЕРІНЕН АЙЫРЫЛҒАН

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының ондаған ауылы бірнеше жыл бойы өздеріне тиесілі мыңдаған гектар жер алқабын кері қайтара алмай келеді. Жергілікті соттардан бастап, Жоғарғы Сотқа дейін жылдар бойы жүргініп, тіпті сот шешімдеріне сәйкес дауды ұтып жатса да, ауылдықтардың мәселесі шешілмегенге ұқсайды.

Мәселен, редакцияға араша сұрап жүгінген тұрғындар мен олардың заңды өкілі Мұрат Ахметовтің жолдаған құжаттарына көз салсақ, теріскей аймақтарда жер дауы өршіп тұрғанға ұқсайды. Ақмола облысының Егіндікөл ауданына қарасты Бауманское, Атбасар ауданының Есенгелді ауылы, Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарасты Новосветловка, Тахтаброд, Ғабит Мүсірепов ауданына қарасты Ялты ауылдарының тұрғындары мен «Бауманское-07», Tekei-Agro, «Новосветловка-Әліби», «Тахтаброд-2» және «Ялтинский-2» ЖШС-ларының үлескерлері «жылдар бойы жанайқайыныңмызды биліктің құлағына жеткізе алмай келеміз», — дейтін уәж айтады.

СЫРҒЫТПА ЖАУАППЕН ҚҰТЫЛАДЫ

Олардың айтуынша, жергілікті мемлекеттік және сот органдарына жүгінгенімен, бәрі де сәтсіз аяқталған. Жүз мың гектардан астам жерінен айырылған тұрғындардың жанайқайы аудандық, облыстық әкімдіктерден бастап прокуратура, сот органдарының барлық сатысына дейін жеткен. Алайда құзырлы органдардың ешқайсысы «сырғытпа жауаппен» құтылудан басқа жарамай, жердің кері қайтарылуына ықпал ете алмаған сынайды. Сөйтіп, тиісті мекемелердің мәселені «жабулы қазан» күйінде қалдыруы ауыл азаматтарын қатты ашыңдыраса керек.

— Ауыл тұрғындары пай иелерінің заңды өкілі ретінде жалдаған соң осы іспен екі жарым жылдан бері айналысып келемін. 360 пай иесіне тиесілі 50 мың гектардан астам жер 2014 жылы кепілге алынған. Біз істі бірнеше мәрте сотқа бергенімізбен, еш нәтиже болмады. «Талап арыз беру мерзімі өтіп кеткен әрі талап арыздың жасалмағаны» деген желеумен прокуратура бізді тығырыққа тіреді. Тергеу жүргізген полиция сараптама барысында жерді кепілге беруде қойылған қолдардың жалған екенін анықтап, қылмыстық іс қозғалған. Осыған байланысты кепілге қойылып, заңсыз айырылып қалған жеріміздің мәзілесін жарамсыз деп тану үшін тағы да сотқа жүгінбекпіз, — дейді заңгер Мұрат Ахметов.

«ЖАҢА» ИНВЕСТОР МИЛЛИАРД-ТАҒАН НЕСИЕ АЛҒАН

Заңгер Мұрат Ахметовтің ұсынған сот шешімдеріне назар аударсақ және

ЖЕРСІЗ ҚАЛҒАН АУЫЛДАР АРАША ІЗДЕЙДІ

Бауманское ауылы тұрғындарының сөзіне сенсек, кепілге қойғандар «Аграрлық несие корпорациясынан» бастап бірнеше банк пен несие беру ұйымынан миллиардтаған сомада несие алған. Әрине, олардың бәрі қайтарылмағандықтан, миллиардтар мен миллиондарды өндіріп алу жөнінде сот шешімдері шығарылған. Дегенмен күні бүгінге дейін сол миллиардтаған қаражат кері қайтпапты. Керісінше, жергілікті атқарушы органдар егін егуге жіберген «жана» инвесторлар онысыз да күйі кеткен ауылдардың жағдайын одан сайын құлдыратып жіберген.

— Мемлекет (жергілікті атқарушы орган — автор) әкелген инвесторлардың бірі AiZet Farms ЖШС мүлдем сұмдық болып шықты. Бәрін алдап, банктер мен несие беру ұйымдарына миллиардтаған тенге қарызға батқан. Уәде бергенімен, ештеңе төлемейді. Олар осында «Аграрлық несие корпорациясынан» несие алып ет комбинатын салған. Шын мәнінде, ет комбинаты атымен жоқ. Құрылыс салынбаған. Ешқандай құрал-жабдығы да жоқ. Бірақ қаражатты алып, ол жұмсалып та кеткен. Сот шешімі бар. Субсидия алу үшін жалған құжаттар жасап, малдың танбаларын (бирка) ауыстырған. Мұнымен қоса, мүліктерді ұрлап алғаны жөнінде екі бірдей сот шешімі бар, — дейді Мұрат Ахметов.

Деректерге жүгінсек, шаруашылықтарда 2020-2021 жылдарда жұт болып 350 бас мал қырылып қалған. Заңгер Мұратбек Ахметовтің айтуынша, екеп салынбағандықтан, мал арам өлген. Сөйтсе, малды еш маман қарамаған болып шықты. Қылмыстық заңнама өрескел бұзылып, миллиондаған субсидия алғанымен, лауазымды тұлғалар мен ұйымдастырушылар ешқандай жауапкершілікке тартылмаған.

БӘРІН «ЛАҚТЫРҒАН» ДЕПУТАТ ПА?

— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдіктерінің шешімдерімен 100 мың гектардан астам жер және ондаған миллиард теңгенің мүлкі (жүздеген техника, механизмдер мен құрылғылар, ғимараттар, арнайы жабдықтар орналасқан өндірістік жайлар және тағы да басқалары) 2019 жылы 3 жылдық демалыс кезеңі беріле отырып, 15 жылға, қарызсыз баға құнымен «Айзет» компаниялар тобына табыс етілді. Осы шаруашылықтарға кірген «Айзет Фармс» компаниялар тобы 4 жыл ішінде «Бәйтерек» қорына, бюджетке, шаруашылық қатысушыларына қарызды төлеудің орнына оларды аса ірі қарызға батырып кетті. Қарыз сомасы — ондаған миллиард теңге. Компания банкроттың алдында тұр. Одан әрі шаруашылық жүргізуге еш шамасы жоқ. Бірақ күні бүгінге дейін халықтың жерін басқа белгісіз инвесторларға заңсыз тапсырып келеді. Түрлі деңгейдегі соттарда дәлелденген субсидия алу үшін жалған құжаттар жасау, мемлекеттің ондаған миллиард қаражатын ұрлау, жүздеген миллиард теңгеге заңды тұлғаларға келісімшарт міндеттемелерін орындамау сияқты деректер бар. Несие берушілерді іс жүзінде «лақтырып» кеткен инвесторлық компания иелері — Талғат Зейнуллин мен оның баласы, Парламент Мәжілісінің депутаты Аян Зейнуллиндер. Олар қарыздар болып қалған мекемелер мен ұйымдардың, жеке азаматтардың қатарында Астана, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облысының әкімдіктері, Ақмола облысының Полиция департаменттері, «Бәйтерек» холдингі, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы, өнеркәсіп қоры, «Инвестициялық қор» АҚ, Астана банкі, проблемалық несиелер қоры, Ақмола облысы әкімдігінің Kokshe ОКК, жүздеген пайшы, сот орындаушылар, ондаған жеткізуші бар. Одан бөлек ондаған



мың тонна астықты да иеленіп кеткен. Әкелі-балалы Зейнуллиндер кәсіпорындарын басқа біреулердің атына тіркеп іс жүзінде өздері басқарып отыр, — дейді Мұрат Ахметов.

МИЛЛИАРДТАР ҚАЙДА КЕТТІ?

Борышкерлер мен тыйым салынғандар реестрі (<https://aisoip.adilet.gov.kz/>) мен Жоғарғы Соттың сот кабинетінің (<https://office.sud.kz/>) және мемлекеттік кірістер комитеті сайтының деректеріне сенсек AiZet Farms ЖШС:

— 51,2 миллион тенге (30.06.2023 жылғы жағдай бойынша) салық;

— заңсыз субсидия алғаны үшін мемлекетке 63,875 миллион тенге және 1,9 миллион тенге мемлекеттік баж (Ақмола облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының талап арызы бойынша мамандандырылған ауданаралық сотының 21.01.2022 жылғы шешімі);

— субсидия алу үшін жалған құжаттар жасау фактілері үшін мемлекетке 80,013 миллион тенге және 2,4 миллион тенге мемлекеттік баж;

— Ақмола облысы Әділет департаментінің 2022 жылдың 9 ақпандағы талап арызы бойынша мамандандырылған ауданаралық сотының 23.02.2022 жылғы шешіміне;

— 2021 жылдың 12 тамызындағы дәл осы Әділет департаментінің талап арызымен 1781,68 тонна астық «жоғалып кеткені» үшін мамандандырылған ауданаралық сотының ұйғарымымен 48,3 миллион тенге көрсетілген;

— «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-на 91 миллион тенге қарыз екені туралы Алматы қалалық мамандандырылған ауданаралық сотының 23.02.2022 жылғы ұйғарымында көрсетілген;

Ерейментау аудандық сотының 2022 жылдың 11 қазанындағы және Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық сотының 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі ұйғарымымен «Аграрлық несие корпорациясының» пайдасына AiZet Farms ЖШС-ның құрылтайшылары Т.Зейнуллин, Е.Исескешев, еншілес компаниялар «Ерейментау Құлан», «Аян» диірмен-макарон кешені 1,241 млрд, 1,035 млрд, 6,934 млрд, 5,005 млрд және 4,052 млрд теңге және Ерейментау ауданында 4,6 мың гектар жер, 3 мың басқа дейінгі мал жемдеу орны, 7 мың басқа дейінгі репродуктор, «Ерейментау Құлан» ЖШС-нің 41,8 мың гектар жері, «Аян» диірмен-макарон кешенінің 19,3 мың

шаршы метр ғимараттар кешені, күніне 24 тонна макарон өнімдерін өндіретін өндіру желісін, ұзын макарон кесу өндірісін, 3 155 бас қара мал, ондаған машина өндіріп алу туралы медиативтік келісім бекітілген.

Бірнеше миллиард тенге қарыз Астана қаласында толық циклді ет комбинатын салуға бөлінген қаржыдан пайда болған. 4 жыл ішінде салынбаған кешеннің тек қанқасы тұрғызылып, ол сол күйі қалған. Оған 4 жылдық автокөлік жолы салынған. Бірақ онымен ешкім де жүріп көрмегені.

ЕГІС ДАЛАСЫНДА МАЙДАН БАСТАЛҒАН

Халықты алаңдатып тұрған мәселе тек бұл ғана емес. Дәл егін орағы қызған шақта егістік алқабында нағыз «майдан» басталған. «Агроэксперт Қазақстан» компаниясына егістіктен төленбеген миллиардтаған қарыз үшін он күннен астам уақыт бойы егіс даласында Зейнуллиндердің 9 комбайның, «Нива» маркалы автокөліктерін, «КамАЗ» көліктерін, лизингтік техникаларын алып кетуге кедергі келтіруде. Зейнуллиндердің өздері себетіндей жағдайы да, күші де жоқ. Сондықтан бізге белгісіз басқа жана инвесторларды жіберіп солар сеуіп жатыр. Қазір егін орағының нағыз қызған шағында жұмыстың жүруіне кедергі келтіріп дау-дамай болып жатыр, — дейді Мұрат Ахметов.

Жүздеген мың гектар жерінен айырылып, инвесторлардың әрекетінен әбден жүйкесі жұқарған халық араша іздеп мемлекеттік органдардан мәселенің шешімін сұраған. Бірақ Ақмола облысы әкімдігіне қарасты облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы, сондай-ақ басқа да құзырлы органдардың бәрі де даудың азаматтық-құқықтық формада болуына байланысты өзара шешу қажеттігін, яғни араласа алмайтынын айтып жауап беріпті.

МЕНДЕ СИҚЫРЛЫ ТАЯҚША БАР...

«Жана» инвесторға қарыз берген компаниялардың бірі «Агроэксперт Қазақстан» ЖШС директоры Бейбіт Құжұмовтың айтуынша, компания «Бауманское 2030» ЖШС-на егін дәрілеуге аса қомақты соманын гербицидін қарызға берген, бірақ енді сол қарзын ала алмай жүр. Тіпті, қарызды қайтару жайлы сот шешімі де бар. Бірақ нәтиже жоқ.

— 2020 жылы, пандемия кезінде 30 пайызын төлеп, «қалғанын алдағы егін орағынан кейін беремін» деп қарызға 1 миллион долларға жуық қаржының гербицидтерін алды. Бірақ уәделескеніміздей күзде қарызымызды сұрасақ, қайтармай қойды.

Болмаған соң сотқа бердік. Сот шешімімен біз жеңіске жеттік. Сот орындаушысы барлық есепшотын бұғаттап, дүние-мүлкіне, қолда бар техникаларына түгелдей тыйым салынды. Алайда Аян Зейнуллин қарызымызды мүлде бермей қойды. 2021 жылы менен тағы гербицид сұрады. Біз бермедік. Олар бізбен қатар «Азық-түлік келісімшарт корпорациясына» да қарыз екен. Астықты олар да алмақ болды. Біз олардан бұрын тыйым салғанымызды түсіндірдік. Екі жыл бойы ала алмаған соң былтыр күзде 200 шақырмынан комбайндарымызды алып, өзіміздің қауіпсіздігіміз үшін күзет қызметін жалдап егінді орауға бардық. Барсақ, егістік басында Егіндікөл ауданы әкімі, прокурор, ішкі істер бөлімі басшысы, ҰҚК өкілі және ішкі істер органдарының арнайы жасақтары бар екен. Аян Зейнуллин келмеді. Директор Зейнуллин келмей ештеңе бермейтінін айтып тұрып алды. Жоғарыда аудан әкімінен бастап барлық орган басшылары Зейнулинді тәулік бойы күтті. Келгеннен кейін кенесіне бардық. Онда бәрін кіргізбей тек санаулы адамдар кірді. Сонда бізге не айтты дейсіз ғой? «Менде сиқырлы таяқша бар. Егінді орауға сендерді өткізбеймін. Екі күн беріңіздер, мен қарыздарыңды қайтарамын», — деді. Прокурор, аудан әкімі: «Енді қайтарамын», — деді ғой, «Күтіңіздер», — деді. Тағы күттік. Бірақ күні бүгінге дейін қарызымызды ала алмай келеміз. Егінді басқа облысқа, яғни Солтүстік Қазақстан облысының Тахтаброд элеваторына апарып өткізбек болғанын да білеміз. Біз оған барып егер элеватор астықты қабылдаса қылмыстық жауапкершіліктің бар екенін түсіндіріп қайттық, — деді Бейбіт Құжұмов.

«АЙТҚАН СӨЗДЕРІНІҢ КӨБІ ЖАЛҒАН»

Сонымен, теріскейдегі біраз қауым «елдің бәрін тақырға отырғызды, миллиардтарды алып қайтармай қойды» деп айыптап жатқан «Ауыл» партиясының мүшесі, Парламент Мәжілісінің депутаты Аян Зейнуллинге хабарласып, мәселенің мән-жайын сұрады. Депутат қарызды төлеуден қашпайтынын, бірақ жоғарыдағы айтылғандардың көпшілігінің жалған екенін жеткізді.

— Біз миллиондаған гектар жерді алып халықты тақырға отырғызған «Әліби» компаниясының орнына келдік. Өздеріңіз білесіздер, соның 4-5 жылда егін жөнді өнім бермеді. Қуаңшылық болды, киіктер мыңдаған гектар егінді таптап кетті. Биыл тайдың бағасы болмай, өнім сапасы төмендеп, тіпті қиындады. Сондықтан қарызға кіргеніміз рас. Сот орындаушысы біртіндеп қарызды өндіріп жатыр. Біз қарыздан қашып отырған жоқпыз. Жұрттың пайларын бермей қойғанымыз жоқ. Айтқан сөздері жалған. Былтыр екен егіндімізді бермей қойғанымыз да рас. Еккен егіндімізді өздері орып алуа олардың қандай қакқысы бар? Иә, сот шешімі шыққан. Бірақ онда сол егіндімізді өздері орып алуға құқық беріптен жоқ қой. Біз ешкімді де алдап отырған жоқпыз. Бизнес өзі сондай. Тәуекелге баруды талап етеді. Банкротқа ұшырап жатқан компаниялар да бар. Қарыздан біртіндеп құтыламыз. Бірақ бұл «Бауманское 2030» компаниясында қазір қызмет етпеймін. Осыдан біраз уақыт бұрын жұмыстан шыққанмын. Мені жан-жақтан қыспаққа алып жатыр. Қажет болса мені өздері неге сотқа бермейді? Жалған айтқандары үшін өздерін сот арқылы жауапкершілікке тартамын, — деді Аян Зейнуллин.

P.S.

Қысқасы, тараптар арасындағы даудың түйені әлі біраз уақыт шешілмейтінге ұқсайды. Өйткені әркімнің өз үмі бар. Қазақтың ежелден қауіптенетін дауларының бірі ғой бұл. Жер дауы...

Біз тек қос тараптың уәжін тыңдадық.

Ақмола облысы

АҚ ЖАЙЫҚТАН АЛАТАУҒА СӘЛЕМ

Республика күні қарсаңында және елорданың 25 жылдық мерейтойы аясында Батыс Қазақстан облыстық камералық оркестрі Алматы қаласына гастрольдік сапармен барды. «Алатауға Ақ Жайықтан сәлем» атты концертті көрермен жапырып қабылдап, кеш анышпаған өтті.

Жалпы, бұл — ұжымның үлкен сахнаға беттеп, гастрольдік сапармен мегаполистерге есептік концертпен алғаш мәрте аяқ басуы. Бұған дейін ЭКСПО, «Әуен Fest» фестивалі аясында Алматы және Астана қалаларында өнер көрсеткен болатын. Ал гастрольдік сапар осыдан екі жыл бұрын оркестрдің 10 жылдық мерейтойы аясында өтуі керек еді. Бірақ ол кезде пандемия болып, жоспарды кейінге ысыруға тура келді. Десе де, араға жылдар салып, өнер ұжымы өн бойына жиғанын көрсетіп, өнер

өлкесіне, мәдениеттің қайнаған ортасына өзін таныстыруға шықты.

Алатаудың бөктеріндегі өнерсүйер қауым Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концерт залына жиылды. Ықыласы бөлек, қолдауы ерекше көрермендер қатарында елімізге белгілі тұлғалар да бар.

«Алатауға Ақ Жайықтан сәлем» алып келіп жатқан оркестр — әбден қалыптасқан ұжым. Бағдарламасы жақсы, ұлттық тақырып кенінен қамтылған. Репертуар жақсы тандалған, дайындықтары да жо-

ғары деңгейде», — деп баға берді абыз ақсақал, актер, режиссер Асанәлі Әшімов.

Ал әнші Нұрлан Өнербаев кеш көрерменнің қатарынан табылу үшін Астанадан арнайы келген.

— Бүгін әлемдік қорға енген керемет музыкалық туындыларды, қазақтың інжу-маржан әндерін тындау бақыты бұйырды. Әлемді жайлаған пандемиядан кейін елдің еңсесі кішкене көтеріліп, осындай бір

өнер кештеріне деген елдің ықыласы қайта жанданғандай. Соған дәлел ретінде сонау өңірден, Батыстан, Жайықтың жағасынан әдемі ұжым келіп, мынау Алатаудың бөктеріндегі Алматы қаласында өнер көрсетуі — көрермендер үшін үлкен қуаныш. Мен Астанадан арнайы келіп, концертті тамашаладым. Өйткені бұл ұжым мен үшін өте ыстық. Былтыр өңірлерді аралап шыққан шығармашылық кештеріміздің алғашқысын Орал қаласында дәл осы ұжыммен өткізген болатынмын. Әдемі кештері жалғасын таба берсін, — деп лебізін білдірді ұжымға.

Камералық оркестр директоры Салтанат Әбілғазиева ұжымның гастрольдік сапары өңір басшылығының қолдауымен жүзеге асып жатқанын айтады.

«Біздің өнер сапарымызға облыстық әкімдіктің қолдауы зор. Келесі кешіміз 10 қазан күні елорда төрінде жалғасын табады. Астана тұрғындары мен қала қонақтарын сағат 19.00-де Музыкалық жас көрермен театрының залында күтеміз», — деді оркестр басшысы.



Күні кеше төрткүл әлем түгелімен көз тіккен Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарының жабылу салтанаты өтті. Осылайша, қанша уақыт сарыла күтіп, спортшымыздың бағы мен бабын анықтайтын бір белес те артта қалды. Өкініштісі сол – Қазақстан алғаш рет Азия ойындарында үздік ондыққа ене алмады. Бұл жолы қазақстандық спортшылар жалпы есепте 11-орынды місе тұтты.

Азия ойындары:

СПОРТТЫҢ ШЫНАЙЫ БАҒАСЫ

Наурызбек САРША

Еліміз спортқа аз қаржы бөліп жүрген жоқ. Дегенмен соңғы уақытта елдің халықаралық жарыстардағы нәтижесі көңіл көншітерлік емес. Биыл еліміздің атынан Ханчжоу қаласында 30 спорт түрінен 524 қазақстандық спортшы сынға түскен болатын. Отандық спортшылар медальдық есепте 11-орынға жайғасып, Қазақстан қоржынына 10 алтын, 22 күміс, 48 қоламен жалпы есепте 80 медаль еншіледі. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары «Ұлттық құрама жалпыкомандалық есепте 11-орында болғанымен, медаль саны бойынша 5-орында» деп жариялап жатыр. Бұл өзі-өзімізді жұбатудың бір түрі сынды. Әйтпесе, еліміз 1994-2014 жылдардағы Азия ойындарында үздік бесікке еніп жүрген еді. Енді осы уақытқа дейін ондық пен бесіктен ғана көрініп келген ел спортшылары неге төмен дәрежеге түсіп қалды?

БОКСШЫМЫЗДЫҢ БАҒЫН КІМ БАЙЛАДЫ?

Олимпиадада болсын, Азия ойындарында болсын, қазақ боксы әлемді таңдандырып келген еді. Бірақ соңғы уақыттары бокстан да кейде бағымыз, кейде бабымыз келмей жатқаны жасырын емес. Осымен бокс құрамасы екінші рет Азия ойындарында алтын жүлде ала алмады. Бірақ осы Азия ойындарында боксшымыздың бағын төрешілер байлады деген жанкүйерлер аз емес. Оған өзіміз де куә болдық. Әсіресе, шаршы алаңда атой салған танымал боксшы Асланбек Шымбергеновтің айқын басымдығы ең бола тұра, жеңісін қарсыласқа жығып бергені көпшіліктің ашуын туғызды. Қазақстан Бокс Федерациясы президенті Кеңес Рақышев те өзінің әлеуметтік желіге жариялаған мәлімдемесінде бұл төңірегінде атап өтті.

«Құрметті достар, Азия ойындарындағы боксшылар бәсекесі мәресіне жетсе де, әділдік жолындағы «жекпе-жектер» әлі аяқталған жоқ. Қазақстан бокс Федерациясы Қытай шаршы алаңында жекпе-жектер ұйымдастырған РВU ұйымына (Париж-2024 Олимпиадасындағы ХОК бокс бойынша жұмыс тобы) сотқа шағымданатынымызды ресми түрде мәлімдеймін. Басты мақсат – Асланбек Шымбергеновке Олимпиада лицензиясын және Карина Ибрагимоваға алтын медальін қайтару! Біз боксшыларымыздың құқықтарын қорғауға қатысты шаралар аясында Туризм және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитетінің бастамасын толығымен қолдаймыз. Біз біржұдырық болып бірігіп, төрешілердің әділетсіздігіне және қабылдаушы тараптың қабілетсіздігіне қарсы шығуымыз керек. ҚБФ оған қоса өз тарапынан құқықтық рәсімдер мен пәрменді әдістерді пайдалана отырып, жұмыс жүргізеді. Достар, тағы да, қайталап

өтейін. Турнирді ИВА емес, ХОК өткізді, сондықтан шешімді өзгерту, шағым жасау және нәтижені қайта қарау жағдайлары мүмкін емес. Сонымен қатар ХОК-тың тарихында бокстағы шешімдерді өзгертуге жағдай болып көрмеген. Бірақ біз Асланбек пен Карина үшін соңына дейін күресеміз. Біз үшін олар нағыз чемпиондар», – делінген Кеңес Рақышевтің Facebook-тегі жазбасында.

Осылайша, Азия ойындарында, әсіресе спорттың бокс түрінен көк туымыз жиі желбірейтін шығар деген үмітіміз ақталмады. Боксшыларымыздың ешқайсысы алтын медальға ие бола алмады. Бұл ретте көрші өзбек жұртының бәсі артық болды.

АЗИАДАДА «АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚҚАНДАР»
Бұл жолғы Азия ойындарынан алтыннан медаль таққан спортшымыздың тізімі төмендегідей. Стенд атудан Қазақстан әйелдер құрамасы (Әсем Орынбай, Зоя Кравченко, Ольга Панарина) – скит бағдарламасынан командалық жарыс.

Әсем Орынбай мен Едуард Ещенко – стенд атудың скин жаттығуы микст жарыс (ер мен әйел спортшы).

БҰҒАН ДЕЙІН ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ

1994 ЖЫЛЫ -	4-ОРЫН	(77 медаль: 25 алтын, 26 күміс, 26 қола),
1998 ЖЫЛЫ -	5-ОРЫН	(78 медаль: 24 алтын, 24 күміс, 30 қола),
2002 ЖЫЛЫ -	4-ОРЫН	(76 медаль: 20 алтын, 26 күміс, 30 қола),
2006 ЖЫЛЫ -	4-ОРЫН	(85 медаль: 23 алтын, 20 күміс, 42 қола),
2010 ЖЫЛЫ -	5-ОРЫН	(79 медаль: 18 алтын, 23 күміс, 38 қола),
2014 ЖЫЛЫ -	4-ОРЫН	(84 медаль: 28 алтын, 23 күміс, 33 қола),
2018 ЖЫЛЫ -	9-ОРЫН	(76 медаль: 15 алтын, 17 күміс, 44 қола)

Зухра Ирнарарова – 10 метрлік жүгірмелі нысананы мылтықпен ату.

Сергей Емельянов пен Тимур Хайдаров – 500 метрге жұптасып каноэ есу.

Алексей Луценко – велоспорттан ерлер арасында жекелей жарыс.

Евгений Федоров – велоспорттан ерлер арасында топтық жарыс.

Софья Берульцева – каратэ, +68 келі.

Нұрқанат Әжіқанов – каратэ 75 келі.

Кайсар Алпысбай – каратэ 60 келі.

Нұржан Батырбеков – джиу-джитсу, 69 келі.

Бұл жолғы байрақты бәсекеде Қазақстанда тек каратэ және ату спортының нәтижесі көңіл көншітті. Каратэ кумитеден Қазақстан Қытайға сегіз спортшы апарып, сегіз медаль (үш алтын, үш күміс, екі қола) иеленгенін атап өткен жөн. Жеңіл атлетикадан Қазақстан алғаш рет Азияда алтын медальсыз қалса, грек-рим күресі, дзюдодан Азияда чемпионы шықпады. Ал еркін күрес балуандары алтын тұрмақ қола медаль да ала алмады.

СПОРТШЫМЫЗ КЕРІ КЕТПІ БАРА МА?

Қазақстандық спортшылар Азия ойындарына биыл сегізінші мәрте қатысып отыр. Өткен 2018 жылы Индонезияның Джакарта мен Палембанг шаһарларында өткен Азия ойындарындағы бәсекеге Қазақ елі атынан 440 спортшы қатысқан еді. Олар 25 олимпиадалық спорт түрінен сайысқа түсіп, құрама қоржынына 15 алтын, 17 күміс, 44 қола салып, Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 9-орыннан тұрақ тапқан болатын. Ол кезде де үздік үштікті Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея бастаған еді. Ел спортшылары тұңғыш қатысқан Хиросима ойындарында біздің құрама 27 алтын алып, айды аспанға шығарған еді. Төрт жылдан соң 24 алтын иемденіп, бесінші орынға тұрақтаған. Пусан және Доха ойындарында 4-ші орыннан табылса, 2010 жылы бесінші орынды місе тұтқан. Ал 4 жыл бұрын ел спортшылары Азияда тарихындағы ең үздік көрсеткішке қол жеткізді. Корея түбегінен спортшыларымыз 28 алтын арқалап қайтқан еді. Соңғы екі Азия ойындарында еліміздің спортшылары тиісті дәрежеде өз биіктерінен көріне алмады.

Ал төрт спортшымыз 2024 жылғы Париж Олимпиадасына жолдамаға қол жеткізді. Атап өтсек бейсәйістан Елена Потепенко мен Георгий Борода-Дудочкин, боксшылар Камшыбек Қонқабаев пен Карина Ибрагимовалар келесі олимпиада бақтарын сынамақ. Енді Қазақстан спортшылары үшін келесі ірі жарыс келер жылы жазда Парижде өтетін олимпиада ойындары болмақ.

Түйін:

Сонымен, тағы бір Азияда тарих қойнауына енді. Осы ойындар арқылы жана буын спортшыларымызды таныдық. Біздің елде де спорттың басқа бағыттарын дамытуға болатынын түсіндік. Келесі Азия ойындары 2026 жылы 19 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Жапонияның Нагоя қаласында өтпек. Енді алдағы уақытта осы жолғы Азия ойындарындағы қателіктерімізден сабақ алып, келесі байрақты бәсекелерде бәсіміз басым болып, бағымыз оза түсер деп үміттенеміз.

ШЫМКЕНТТІК СПОРТШЫЛАР ЕРЛЕДІ

26 қыркүйек пен 7 қазан аралығында өткен Жазғы Азия ойындарында қазақстандықтар алған 10 алтынның 5-еуі шымкенттіктердің еншісінде.



Назгүл НАЗАРБЕК

Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында каратэден 60 келіде ел намысын қорғаған Кайсар Алпысбай финалда Кувейт елінің спортшысы Абдулла Шаабхты жеңіп, ел қоржынына тоғызшы алтын жүлдені салды. Жеңіс тұғырына шыққан саңлағымыз елге ыстық сәлемін жолдап, бапкерлер мен басшыларға рақметін жеткізді. «Бүгін қанша жыл төккен терім ақталды. Бірақ осымен тоқтап қалмаймын. Келесі жылы Париж қаласында өтетін Олимпиадаға тыңғылықты дайындаламын. Енді сол шынды бағындырғым келеді», – деді чемпион.

Ал шымкенттік каратэшшілер Жазғы Азия ойындарында 1 алтын, 1 күміс жүлде жеңіп алды. 84 келіде Данияр Юлдашев күміс жүлдені қоржынға салды. Осылайша, Шымкенттің каратэшшілері Азия ойындарын 2 алтын, 1 күміс жүлдем аяқтады.

WKF каратэден Ұлттық құрама көшбасшысы Софья Берульцева қарсылас шақ келтірмей, Қазақстан қоржынына оныншы алтынды салды.

Әйелдер арасында +68 келі салмақтағы ақтық айақта Софья мен Арика Гурунг күш сынасты. Жекпе-жек басынан белсенді қимылдаған Берульцева қарсыласына еш мүмкіндік берген жоқ. Есеп: 3 – 0.

«Азия ойындарына алтын медаль алу үшін келдім. Жоспар орындалды. Бұл – біздің команданың жеңісі», – дейді финалдық жекпе-жегінен кейін өз эмоциясымен бөліскен Азия ойындарының чемпионы Софья Берульцова.

Шымкенттіктер байдарка және каноэ есуден Жазғы Азия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты түрде күтіп алды. Шымкент қаласының спортшылары – Сергей Емельянов 1 алтын, 1 күміс, Тимофей Емельянов 1 күміс, 1 қола, Ирина Подойникова мен Руфина Исакова 1 күміс жүлде иеленген болатын. Шымкент уезжайынан жеңімпаз спортшыларды ата-анасы, спорт мектебі басшылары, жанкүйерлері зор қошеметпен қарсы алды.

Іс-шаралар қалалық Денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Бауыржан Тұманбаев, қалалық ескек есу

және су спорт түрлері федерациясының президенті Нұрғазы Бұхарбаев жеңімпаздарды құттықтап, алдағы бәсекелерде сәттілік тіледі.

– Азия ойындарында қаламыздың спортшылары жарқын жеңіспен қуанып жатыр. Мінеки, жеңімпаздар мен жүлдегерлердің екінші тобын қарсы алып отырмыз. Ескек есуден ағайынды Емельяновтар әрдайым жоғары жетістіктер көрсетіп келеді. Олар кезекті рет Азия ойындарында өздерінің мықты екенін дәлелдеді. Биыл жастар арасында әлем чемпионы атанған Руфина Исакова ересектер арасындағы сайыста күміс жүлдеге қол жеткізді. Алда тағы да жарыс жолына шығатын спортшыларымыз бар. Жерлестерімізге сәттілік тілейміз! – деді Б.Тұманбаев.

Ұлттық құрама сапында Сергей Емельянов 500 метрге каноэде есуден алтын медаль жеңіп алды. Сергей және Тимофей Емельяновтар жұптық жарыстың 1000 м бағдарламасында күміс жүлдені иеленді. Ал байдарка мен каноэде есуден жастар арасында әлем чемпионатының жеңімпазы болған Руфина Исакова Азия ойындарында күміс жүлдеге қол жеткізді. Жазғы Азия ойындарының жеңімпазы Сергей Емельянов қолдау көрсеткен баршаға рақметін айтып, алдағы жарыстарға дайындыққа кірісетінін жеткізді.

Сонымен бірге жеңіл атлетикадан XIX жазғы Азия ойындарының қола жүлдегері Дмитрий Кобловты да Шымкенттегі теміржол вокзалынан жарысты күтіп алды. Іс-шараға спорт мектебі басшылары, спорт жанкүйерлері қатысты. Д.Коблов 2018 жылы Джакартада өткен Азия ойындарында 3-орын алған болатын. Биыл Ханчжоуда өткен бәсекеде де командалық сайыста (эстафета микс) қола жүлдегер атанды. Д. Коблов мұнымен тоқтамайтынын, келесі Олимпиада ойындарына тыңғылықты дайындалатынын атап өтті. Айта кетсек, Д.Коблов – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2016 және 2020 Олимпиада ойындарының қатысушысы. Қалалық денешынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Шокан Әбдіхаликов жүлдегер спортшыны құттықтап, алдағы бәсекелерде сәттілік тіледі.

Шымкент қаласы

«AMANAT» партиясының басшылығы мен ұжымы Nur Media холдингі бас директорының орынбасары

Гүлжан Рахтаеваның

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«AMANAT» партиясының Орталық бақылау-тексеру комиссиясының Төрағасы Б.Р. Байсейітов және комиссия мүшелері Nur Media холдингі бас директорының орынбасары

Гүлжан Рахтаеваның

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Nur Media холдингі мен еншілес компаниялар ұжымы Nur Media холдингі бас директорының орынбасары

Гүлжан Рахтаеваның

қайтыс болуына байланысты отбасына және оның туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Астана» телеарнасы басшылығы мен ұжымы Nur Media холдингі бас директорының орынбасары

Гүлжан Рахтаеваның

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

«AIQYN-Литер» ЖШС басшылығы мен ұжымы Nur Media холдингі бас директорының орынбасары

Гүлжан Рахтаеваның

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4361

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114